



Береке, байлық – бірлікте!

№40 (6063) Сенбі, 1 қазан, 2016 жыл Тазет 1940 жылғы 1 қарашадан бастап шығады

ЖЕТІСТІКТЕР

ТАБЫСТАРҒА БАСТАЙДЫ



Жуырда аудан әкімшілігінің мәжіліс залында аудандық мәслихаттың VI шақырылған IV сессиясы өткізілді. Сессия жұмысына аудан әкімі Х.Омаров, аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық «Нұр Отан» партиясы филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ж.Бабатаев, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ә.Жандарбеков, кент, село әкімдері мен мекеме, кәсіпорын басшылары және ақпарат құралдары өкілдері қатысты.

Мәслихат сессиясында «Ұлытау ау-

даны әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы жөніндегі қорытынды есебі» мәселесі қаралды. Сессияда мәслихат депутаттары корпусы алдында өз есебін берген аудан әкімі Х.Омаров ауданымыздың мәдени-әлеуметтік, шаруашылық және

өндіріс жұмыстарының жәй-күйімен жететаныстыра отырып, аудан бюджетінің кіріс-шығыс жақтарына да толыққанды тоқталып, баяндап өтті. Аудан әкімі Х.Омаров өз есебінде экономиканың нақты секторы, меншік нысандары бойынша негізгі капиталға салынған инвестиция көлемдері төңірегінде, әсіресе ауылшаруашылығын шағын бизнес салаларын дамыту, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру,

құрылыс және сәулет, білім беру және спорт, денсаулық сақтау және өндіріс, т.б. салаларға байланысты атқарылған жұмыстарды мейлінше ашып көрсетіп, алда атқарылар істерге де тоқталып өтті. Есепті баяндамадан соң аудандық мәслихат депутаттары атынан сөйлеген №12 Терісаққан сайлау округінің депутаты Н.Ақтаев аудан әкімінің есебіндегі атқарылған жұмыстарға қанағаттанарлық деген оң баға бере отырып, 80 орын-

дық Алғабас орта мектебінің, тың Егінді селосындағы ауызсу құрылысы жұмыстарын мерзімінде аяқтамай отырған жауапты тұлғаларды жауапкершілікке шақыруды сұрады. Аудандық мәслихаттың VI шақырылған төртінші сессиясы қаралған мәселе төңірегінде шешім қабылдап, өз жұмысын аяқтады.

Өз тілшіміз.



АППАРАТ МӘЖІЛІСІ ӨТКІЗІЛДІ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында кеңейтілген аппарат мәжілісі өткізілді. Мәжіліске аудан әкімі Х.Омаров, аудан әкімінің орынбасарлары, село, кент әкімдері, мекеме және кәсіпорын басшылары қатысты. Күн тәртібіндегі «2016-2017 жылдарға қысқы жылу беру маусымына дайындық» мәселесі бойынша аудандық «Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, тұрғын-үй инспекциясы» мекемесінің басшысы Д.Оразбеков хабарлама жасады. Мекеме басшысы хабарлағандай аудандағы жылу қазандықтары қыс науқанына толық әзірленген (барлығы 53 қазандық). Аудан мекеме, кәсіпорындарында қыс маусымына дайындық барысында біршама жұмыстар жүргізілген. Жекелеген ғимараттар күрделі және ағымдағы жөндеулерден өткізілген. Аудан мекеме, кәсіпорындарының жылу қазандықтары 93,7 пайызға көмірмен қамтамасыз етілген. Қалған көмірлер жуық арада тасымалданып бітпек. Оған мүмкіндік те толық жеткілікті. Ауданымыздың территориясындағы 1305 шақырым автокөлік жолдары тиісті жол мекемелерінің бақылауына бекітілген. Қыс айында жол қатынасын ұстап тұрудың қаржылық мәселелері де толыққанды шешімін тапқан. Жылу беру маусымы 15 қазанда берілетіндігін ескерсек, қажеттілік жағдайында (ауа райының күрт суытуы) ерте берілуіне де толық мүмкіндіктер бар. Қыс маусымына әзірлік жөніндегі хабарламаны мұқият тыңдаған аудан басшысы Х.Омаров бірқатар тапсырмалар да берді. Ол – жылу қазандықтарына қосымша ток көзімен қамтамасыз ету үшін арнайы генераторлар әзірлеу, жанар-жағар май мәселесін түпкілікті шешу, қысқа дайындыққа байланысты басқа да мәселелерге ұқыптылықпен қарап еш нәрсені назардан тыс қалдырмау.

Өз тілшіміз.

ЖАСӨСПІРІМДЕРМЕН ЖҰМЫС ЖІТІ БАҚЫЛАУДА

Жасұлан АЯШЕВ

Жуырда аудан әкімінің орынбасары Е.Өткелбаевтың төрағалығымен аудан әкімдігі жанындағы көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі аудандық комиссия отырысы өтті.

Отырысқа аудан прокуратурасының прокуроры А.Бірімбетов, аудандық ішкі істер бөлімі жергілікті полиция қызметі бөлімі басшысының орынбасары Н.Дүкенбаев және комиссия мүшелері қатысты. Күн тәртібінде екі мәселе қаралды. Бірінші мәселе Ұлытау, Қаракеңгір, Аманкелді селолары бойынша көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия құзыретіне қатысты мектептердің жаңа оқу жылына дайындығы туралы болса, екінші мәселе учаскелік полиция инспекторларының Ұлытау, Қаракеңгір, Аманкелді селолары бойынша көмелетке толмағандар ісі

жөніндегі атқарылған жұмыстарының есебі жайында сөз қозғалды.

Алғашқы мәселе бойынша №1 Ұлытау орта мектебінің директоры Ғ.Ерғалиев, №4 Қаракеңгір орта мектебінің директоры М.Бейсенов, №3 Аманкелді орта мектебінің директоры Б.Байжантаевтар баяндама жасады. Баяндамадан кейін прокурор А.Бірімбетов қазіргі таңда мектептерде әлеуметтік көмек қаншалықты дәрежеде көрсетіліп жатқаны туралы айтуды сұрады. Бұл сұраққа аудандық білім бөлімінің тәрбие ісі жөніндегі бас маманы А.Көшенова жауап берді.

— Мектептерде бүгінгі күнге дейін аз қамтылған отбасыларынан шыққан балаларға арналған «Мектепке жол» акциясы жүріп жатыр. Осы акция арқылы мектеп оқушыларына біраз көмек көрсетілуде. Әр мектептерде қайырымдылыққа қол ұшын созған жомарт жандардың көмек көрсеткені жайында мәліметтеріміз бар – деді.

Келесі кезекте комиссия мүшесі

М.Еділбаев селомыздағы иесіз, қайыпты жағдайда тұрған үйлерден сақ болуға шақырды. Алдағы уақытта сол үйлерді полиция қызметкерлерінің құзырында ұстау керектігі жөнінде ұсынысын айтты.

Отырыс соңында комиссия төрағасы Е.Өткелбаев қазіргі жағдайда болып жатқан Діни экстремизм мен терроризмнің кеңінен етек алып келеңсіз оқиғаларды тудырып отырғандығы жөнінде баяндап, барлық мектептерде осы бағытта жұмыстар жасалу керектігін тапсырды. Сондай-ақ, мектептегі психолог және әлеуметтік педагог мамандарының жұмыстарын ширату керектігін мектеп директорларына жүктеді. Одан кейін мектеп оқушыларының арасындағы қылмыстық істердің алдын алуды бақылауда ұстау керектігін айтты. Отырысқа қатысқан мекеме басшылары мен полиция қызметкерлеріне алдағы уақытта атқаратын жұмыстарының есебін уақытылы беріп тұруды тапсырды.

1 қазан – Бүкіләлемдік қарттар күні

Рахымжан ӨДЕНҰЛЫ

**Арпалыстың ауыр жүгі артқаны,
Аңқылдаған, жарқылдаған мәрт жаны.
Қазған сайын қазынасы сарқылмас,
Қайдасыңдар, қазағымның қарттары!**

Нағашыбай Мұқатов.

«Күн батпайын десе де, түн қоймайды» демекші, адам баласы қанша жерден қартаймайын дегенмен «уақыт» атты «төрешінің» айтқанынан шыға алмайтыны аян. Кімнің де болсын басына қарттық, кәрілік келері анық. Бұл – заңды табиғи құбылыс! Бұл құбылыс жаратылыстағы тіршілік атаулыға (жан-жануар, тірі табиғат) да тән. Осылардың ішінен тек адам ғана саналы ғұмырының осы бір аса жайлы емес кезеңін еріксіз қарсы алып, өткереді. «Шыр» етіп жарық дүние есігін ашқан әрбір пенде, фәниден бақилыққа озғанға дейінгі уақытта сәбилік, балалық, жастық, егделік, қарттық, кәрілік

өркендетуде ерен еңбектің үлгісін көрсетті, күш-қайратын сарқа жұмсады! Өндірістің де, ауылшаруашылығының да барлық саласын да алдыңғы толқын ата-әжелеріміз бен әке-шешелеріміздің, аға-апаларымыздың алақандарының табы бар. Балдәурен балалық шақтары алмағайып заманмен тұспа-тұс келіп, жетімдіктің, жоқшылықтың ауыр азабын тартқан, қазақы қараша ауылдың «қарасирақтары» еді бұлар. Жалынды жастық шақтарын

ген» тоқшылық заманға, бейбіт өмірге жеткізген қариялар, қандай құрметке болсын лайықты!

Елімізде берекелі күздің екінші айының алғашқы күні, Қарттар күнін атап өту дәстүрге айналған. Өткен ғасырдың 1990 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы қазан айының 1-жұлдызын Халықаралық Қарттар күні деп бекітті. Алғашында Қарттар күні Еуропада, кейінірек Америкада, ал 80-ші жылдардың соңында бүкіл әлемде аталып өтетін болған. Негізінен бұл күннің маңызы аз қамтамасыз етілген, жалғызбасты қариялар мен қарт мүгедектердің мүдделерін қорғау, оларға материалдық, әлеуметтік-тұрмыстық көмек көрсету, моральдық қолдау жасауға назар аудару мәселелері болып отыр. Бүкіләлемдік Денсаулық сақтау ұйымының жіктеуіне сәйкес, қарт адамдарға – 60 пен 74 жас, кәрілерге 75-

берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды, әлеуметтік қызмет көрсетуді және әлеуметтік көмек беруді қамтиды. Ата Заңымызда қазақстандық қарт адамдардың жалпы азаматтық және арнайы құқықтары мен мүдделері, оның ішінде жасы бойынша әлеуметтік қамсыздандыру кепілдіктері бекітілген. Қарттарға Үкімет тарапынан заң шеңберінде көрсетіліп жатқан кешенді көмектердің сыртында, жергілікті жерлердегі Үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық қорлар, ерікті бастамашыл топтар, діни бірлестіктер, білім ошақтары қамқорлық жасайды. Осындай іс-шараларды реттеп, үйлестіріп отыратын түрлі деңгейдегі Ақсақалдар кеңестері құрылып, қариялардың мүдделерін қорғауда белсенділік танытып отыр.

де сапта жүргендері жоқ емес. Аудан орталығында қарттардың бос уақыттарын көңілді, тиімді өткізулеріне арналған Ақсақалдар клубы жұмыс істейді. Мұнда қарттар теледидар көріп, газет-журналдар оқуларына, шахмат, дойбы ойнауларына мүмкіндік бар. Клубқа жуырда жігерлі жас А.Ділімбетов төрағалық ететін «Ертағы» қоғамдық қорының демеушілігімен жаңа жиһаздар (диван, креслолар, үстел, орындықтар, т.б.) алынды. Бұл игі іс аталған қор мен аудан әкімдігі арасындағы келісімшарт негізінде жүзеге асырылды. Ауыл қарттарының қоғамдық өмірге белсене араласуларына, ауданның тыныс-тіршілігіне қатысуларына жағдай жасау, олардың өздерін қоғамға қажетті, пайдалы екендерін сезінулерін, халықпен рухани байланыс жасауларына мүмкіндік беру бағытында іс-шаралар тұрақты өткізіліп келеді. Қарттарымыз шахматтан, дойбыдан, тоғызқұмалақтан өтетін турнирлерге, түрлі кездесулер мен диспуттарға, дөңгелек үстелдер мен

ҚАРТТАРҒА ҚАРАП ҚАТАР ТҮЗЕЛЕР



кезеңдерді бастан кешеді. Кеше жүріп пешенесіне жазылғанын көреді, тағдыр-талайының «сыйын» тартады. Адам өміріндегі кезеңдердің әрқайсысының өз алдына қызығы мен шыжығы, қуанышы мен наласы, өзіндік ерекшеліктері мен үндестіктері болатыны белгілі. Ал адам өміріндегі кезеңдердің ішіндегі ең қастерлісі де, қамқорлықты көп қажет ететіні де – қарттық екені даусыз. Қарттық – сүйінетін әрі күйінетін жас! Ұрпағының сыйына құрмет-қошеметіне сүйінетін қарттың, уақытының өтіп бара жатқанына, өмірге берерін толық бере алмай қалғанына, әл-ауқатының кемігеніне күйінетін сәттері де болары шындық. Осындайда қарияларды моральдық, материалдық тұрғыдан қолдау аса қажет. Өйткені олар бізді осынау жарқын заманға жеткізу үшін жандарын аямады. Қар жастанып, мұз төсеніп Отан қорғады! Халық шаруашылығын



да ауыр еңбекке айырбастап, еңбек көрігінде шыңдалған жастар болатын. Еңбекпен ерте есейді, замана ерте есейтті! Бұл – өмір шындығы! Мал да бақты, шөп те шапты! Қапқа құм толтырып, тоған да салды, егін егіп, астық та орды! Ұрпақ өрбітіп, ержеткізді! Еңбек етті, отбасын асырады! Ешқайсысы да ешкімге міндетсінбеді бірақ! Татар дәм-тұзы таусылмағандары бүгінде шеккен бейнеттің зейнетін көріп, ұрпақтарының қызығына кенеліп отыр. Дәл осындай «ит басына іркіт төгіл-

89 жас аралығындағылар, ал ұзақ жасаушыларға жасы 90-нан асқандар кіреді екен. Қазіргі уақытта Қазақстанда қарт адамдарды әлеуметтік қамсыздандырудың аралас жүйесі қалыптасқан. Ол зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін (мемлекеттік бөліп тарату және жинақтаушы), мүгедектігі, асыраушысынан айрылу жағдайына және жасына байланысты

Қасиетті қарт Ұлытаудың есімін еншілеген ауданымыздағы қариялар қауымы – негізінен ауданмен бірге жасасып келе жатқандар. Ауданның экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық тұрғыдан өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосып, қал-қадірінше еңбек етті олар. Қазіргі таңда ұзақ жылдар бойғы тынымсыз еңбектің жемісін теріп отыр. Зейнетке шықса да әлі

мерекелік шараларға қатысып отырады. Жастармен түрлі кездесулер өткізіліп, қарттардың өмірі мен еңбек жолдары таныстырылып, іс-тәжірибе алмасу дәстүрге айналған. Аудан әкімдігі мен аудандық мәслихаттың, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының тарапынан, сан мәрте марапаттарға ие болған қарттарымыз да баршылық. Мұның бәрі қарияларға жасалып жатқан қамқорлық, көрсетіліп жатқан көмек! Иә, «Қарттарын қадірлеген елде қасиет бар, олар айтқан әр сөзде өсиет бар» деген екен дана халқымыз. Қазына қарттарымыздың кейінгі толқын ұрпаққа берер үлгілері – өнегелі, айтар сөздері – өсиетті болса игі! Қайткенмен, көпті көрген «көнекөз» қарияларға қарап қатар түзелмей ме?! Ендеше қарттарды құрметтей жүріп, жақсы қасиеттерін бойымызға дарытып, өсиет сөздерін көкейімізге ұялатайық, жалынды жастар!

Міне, бүгін әлем жұртшылығы Қарттар күні мерекесін атап өтуде. Кәрілік келіп, денсаулықтары сыр берген, көңілдері пәс жандарды ел болып құттықтаймыз бұл күні. Ұзақ та қызықты ғұмыр, зор денсаулық, қуанышты жылдар тілейміз біз де!

Ұстаз – ұлы тұлға

Шаңқай түсте тіршіліктің тамырына қан жүгіртетін айналайын алтын күн көлеңке басын қысқартып, жер бетіне шуағын молынан төгеді ғой. Адам өмірінің дәл осындай жазиралы шағы, айналаға байыппен қарап, байсалды ой сүзгісінен өткізетін уақыты табиғаттың осы мезгіліндей ме, қалай? Қазақ мұндайды жер ортасы дейді. Жастықтың асу белдерінен, тасқындаған толқын-селдерінен қас асаудай бас бермей өтіп келіп, сабасына түскен буырқанған көңіл көзімен әр нәрсенің байыбын аңдап, ақылмен іс қылатын сәт бұл. Осындай шаңқай түс мезгілі досымыз Сәбен Әлімовтің төрт құбыласын түгендеп тұрғандай. Арқаның аңқылдай соққан самал желіндей ақжарма көңілмен жүрген ортасын желпіндіріп, біресе күлдіріп, біресе сүйіндіріп жүретін азаматтың пейіл-ықыласы баршаға бірдей, шайын орамалдай оралымды да жұмсақ. Енді бір сәт қағылез де қарапайым. Содан да болар оның болмысынан әркіммен тез тіл табыса білетін, табысқанда адам жанының тереңіне үңіліп, сыр тарта білетін қабілеттілік мен мұңдалап тұрады.

Үш Жүздің басын қосқан Ұлытау ауданының сырға толы Сарыкеңгір ауылында 1942 жылы дүниеге келіп, ауылындағы жетіжылдық мектептің білім бұлағынан қанып ішіп, Жезқазған руднигіндегі орта мектепке жолдама алғандардың бірі – Сәбен Әлімов болатын. Атамыз қазақ «Әке көрген оқ жонар», деп бекерге айтпаса керек. Сәбен әкесінің ағасы елге танымал, от ауызды, орақ тілді Өксікбай Жаңабегеновтің тәрбиесінде өсті. Сәбеннің әкелері Өкең де, Әбекең де оң-солын танығаннан ат тізгінін тартып, ел билігіне араласқан, Ұлы Отан соғысы кезінде колхоз өндірісінің, еліміз бойынша үлкен ұйымдастырушылардың бірі болған. Өз дәуірінде Өкең әкей еңбекте де, азаматтық келбетте де ешкімге дес бермеген кісі. Шаруашылықтың қым-қуыт ісін атқара жүріп, бала тәрбиесіне айрықша ден қойған кісі еді. 1960-62 жылдары Сарыкеңгір совхозында аға шопан болған Сәбен қой өрісіндегі Алашахан, Жошыхан, Домбауыл батыр, Бұзау, Дүзен, Ерден, Малшы-

жақын араласа қоймаған едік. Қарақойыннан көшіп келген біз үй салынып бітпегендіктен, киіз тігіп отырғанбыз. Маған балдыз болып келетін Шәріп Сақтағанов (ол да мұғалім болатын): «Завучтың үйіне барып шығайық,

соңғы парызға тоқталайын. 1983-1986 жылдары №9 Жетіқоңыр орта мектебінде директор болып қызмет атқарғанда мен интернат меңгерушісі ретінде Сәбен Әлімовке тікелей бағынатын едім. Бұл қызметте де жолдастығымы-



ӘНЕГЕЛІ ӨМІР ИЕСІ

бай мазарларына дұға оқитын. VIII, XII, XIII-ғасырларда салынған мазарлардың сәулет өнерінің тамаша үлгісіне қызығып, сәулетші болуды армандаушы еді. Бірақ Әкей әкейдің ақылымен ол 1964 жылы Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетіне түсіп, 1968 жылы оқу орнын бітіріп шықты.

—Үлкен әкем пойызға шығырып салып тұрып: «Балам, үлкен қалаға кетіп барасың. Адамы көп, кісілері бір-бірімен амандаспайтын қаланың тіршілігі ауыл баласына оңай болмас. Айтарым, ондай көпшілік жердің жақсыларына жанаса жүргейсің. Оңды тәрбиесін алып, тәлімін жадыға түйе бер», деген сөзі әлі есімде дейді Сәбен өткенді есіне алып. Әкемнің ақылы көңіліме желкен жайды. Сол ұстаныммен көптеген мұғалімдердің, әсіресе академик Орынбек Ахметбекұлы Жәутіковтің математикалық анализ бастамалары (матанализ) сабағынан қалмай қатысатын едім...

1968-1983 жылдары Ақкеңсе бөлімшесіндегі №9 Жетіқоңыр сегізжылдық мектебінде оқу ісінің меңгерушісі болып қызметке орналасты С.Әлімов.

...Менің Сәбенмен етене танысуым мен ұзақ жылдарғы сыйластығым Қарақойындағы бастауыш мектептің жабылуына байланысты осы мектепке қызметке келген 1969 жылдың күзінен басталған-ды. Бұрын совхозымыз бір болған соң кездесіп қалғанымызда болмаса,

ол үйде шілдехана бар», деді. Бардық. Сәбен бізді қуана қарсы алды. Қой көздері жылы жымияды. Бұрыннан етене таныс-біліс жан секілді, дастархан басында әңгімеміз жарасып кетті. Зоя келініміз де аңқылдаған жан екен. Осы отырыста әңгіме-дүкен көрігі қызды. Содан бері отбасымызбен жақын араласып, сыйласып кеттік. Менің Сәбеннен жасым да, мұғалімдік еңбек өтілім де көп болғанмен, мектептің жылу жүйесінен, мектептегі жөндеу жұмыстарынан, электр тоғын жалғаудан, есік-терезелерді бүтіндеуден өзімнің төмен екенімді байқадым. Сол кездегі мектеп директоры Сапарбек Үсенов, Сәбен Әлімов, Шәріп Сақтағанов, Қазтай Рахымжанов секілді қолдары епті жолдастарымнан өмірге керекті көп нәрсені үйрендім. Содан болар интернат меңгерушісі болып тағайындалып, төрт мектеп директорымен қызметтес болдым. Сөйтіп, зейнеткерлікке шыққанша осы қызметті атқардым. Осындай жауапты қызметті мүлтіксіз атқаруыма Сапарбек пен Сәбеннің жолдастық көмегі көп болғанын айту маған жолдастық парыз.

Міне, Сәбен екеуіміздің бүтінді бөліп, жартыны жарып жеп, бір ауылдың ауасымен демалып, суын ішкенімізге отыз жеті жыл болған екен. Бұл әрине, аз уақыт емес. Қазақтың қалыпты қағидаларында, жол-жоралғыларында адамгершілік қарыздың жөні мүлде бөлек. Қарыз жолының да бірнеше түрлері бар. Солардың ішінде ерекше аталатындары – ата-ана алдындағы парыз және жолдастық парыз. Осындағы

зға ештеге бөгет болмады. Қайта сыйластығымыз бұрынғыдан да арта түсті. С.Әлімов 1986-1995 жылдары №9 Мибұлақ орта мектебінде математика пәні мұғалімі және сыныптан тыс жұмыстар жөніндегі директордың орынбасары, 1995 жылдан 2005-2006 оқу жылына дейін осы мектептің директоры болып қызмет атқарды. Қазір ол құрметті еңбек демалысында, зейнеткер. Дәуір алмасып, заман өзгеріп жатады. Бұл аралықта ұрпақтар өсіп, алдыңғы толқынның ізін кейінгі жастар басады. Балығы тайдай тулаған, жағасын талдардың тоғайы қоршаған, сықылықтап аққан Сарыкеңгір өзенінің жағасында, тамаша табиғат аясында, алтын ұя-тәлімді тәрбиелеген Сәбеннің биіктерді алып, шыңға құлаш сермеске қақысы да жоқ еді. Солай болды да. Оған дәлел: табан аудармай бір мектепте 37 жыл жұмыс істеуі, оның 22 жылы директордың орынбасары, 14 жылы мектеп директоры болып қызмет атқаруы.

Бір кезде Сәбен Әлімовтің өзі тәрбиелеген шәкірттері Пернекул Әбуллайсова, Ұлжалғас Әріпбаева, Жанар Бөлішбаева, Ұрлығайым Есімсейітова, Салтанат Жаңабаева, Сағындық Дәндібаев, Камаш Вазиева, Зәуреш Байсалбаева секілді мұғалімдермен мектепте де бірге қызмет атқарды. Содан болар мектептегі барлық мұғалімдер оны «Сәбен мұғалім» деп атаулары орынды да. Ол күндерде Сағындық Дәндібаев мектеп директоры, Пернекул Әбуллайсова ұзақ жылдар бойы оқу ісінің меңгерушісі

болған. Қарап отырсақ, осының бәрі тарих. Тарих болғанда, кәдімгідей жүрегіңе бір жылы сағыныш ұялататын – тарих.

– Әсіресе, жастармен, жас мұғалімдермен қоян-қолтық араласа жүріп, асқан асуларды, тіпті қиындықтар мен кедергілерді де кейде қимастықпен еске аласың. Өйтпейінше, ол біздің өміріміз ғой. Сол бір жалынды жылдарда өрілген өмірбаянымыз күні бүгінге дейін өзіндік арнасымен жалғасып келеді. Соған көңіліміз демделеді, мерейіміз өседі. Ертенгі күнге де жақсы үмітпен қараймыз, дейді Сәбен өткенді еске алып.

Ұлағатты ұстаз С.Әлімов жайдары, жарқын мінезімен, зор қабілетімен, халқының қадірлісі

мал, Шолпан, Торғын әр салада жұмыс істейді. Өмірдің ащы-тұщысын ұзақ жыл бірге атқарған қос ұстаз бұл күнде 20 немере, 5 шөбере сүйіп отырған жандар. Өмір атты үлкен жолда олардың ең басты шығармалары – алтындай ұл-қыздары. Зайыбы Зоя мен Сәбеннің бар қызықтары – немере-шөберелері. Тәрбиесі қандай болса, ұрпағымыз да ертең сондай болып өсетіні белгілі. Айта берсек, мұның бәрі тағылымды мол тәрбиеге келіп тіреледі. Осы орайда, ұлы Абай атамыздың «Адам деген даңқым бар», деген ұлағатына бүгінгі күннің биігінен: «Адамзат дейтін атым бар», дейтін ерлеріміздің барына шүкір дейміз. Өмір – өзен, сол өмірді сүйгендер қиыншылыққа қайыспай, сезімге – сабыр, мақсатқа – мақұл дегізіп, жасымау керектігін бір сәт ұмытпағанымыз абзал. Мұның бәрін айтып отырғанда адамдық парызымыз бен қарызымыз болар. Сәбен бар саналы өмірінде асып-тасып, қуағанда да шектен шыққан емес. Қабырға қайыстырар қайғыда да шектен шықпады. Қандай бір лауазымды қызмет атқармасын, нендей ортада жүрмесін Сәбен сол өзінің табиғи қарапайым қалпынан, мөлдіреген адами болмысынан айнымай, айналасындағылардан жүрек жылуын аямады.

Қазақтың данышпандық мектебінің айрықша бағыттарының бірі ретінде ұлттық имандылық тәрбиесінің қыр-сырын зерттеуге арналған «Құтты білік» деген еңбегінде Ж.Баласағұн былай дейді: «Жылы сөз, жылы шырай, жомарт жүрек – үш қасиет даңқынды

тіреп тұрар!» Иә, ғұлама бабаларымыздан сөз қалған ба? Ғұмыр болғаннан кейін оның ащысы да, тұщысы да ұшырасады. Соның бәрінде де Сәбен сыр алдырмайтын, жігерін жасытпайтын, не болмаса асып-тасымайтын, үлкенді үлкендей сыйлап, кішіге қамқор бола білетін, өз ортасында сыйлы азамат. Бұл да болса, қазақи тәрбиенің әсері, атаның қаны, ананың сүтімен келген тектіліктің көрінісі. Оның осындай мәрттік адами қасиеттерін зайыбы Зоя да толықтырып, ұл-қыз өсіріп, өсіп-өнген, немере-шөбере сүйген бақытты шаңырақ иелері болып отыр. Сәбен Әлімұлы бүгінде ынтымағы жарасқан, бақ қонып, құт дарыған, үлкен бір берекелі, текті әулеттің арқасүйер ел ағасы болды.

Міне, әрі ініміз, әрі досымыз, жолдасымыз Сәбен де асқаралы Пайғамбар жасынан өтіп, жетпісінді орталап қалды. Кешегі кербез қалпы, кішіпейілділігі кемел шағында да сақталған. Ағайын-туыстарының, көрші-қоландардың тіршілігі де, түтіндері де түзу. Сәбенді марқайтатын да, көңілін көкке өрлететін де ел-жұртының амандығы. Қазақ елінің береке-бірлігі мен бүтіндігі. Ендеше, үлкен асудан асқан азаматтың мерейі өсіп, зейнетінің рахатын көре берсін, деп тілейміз.

Тәшен ЕСІМСЕЙІТҰЛЫ,
қарт ұстаз, еңбек ардагері.

Суретте: қос ардагер ұстаз Сәбен мен Зоя Әлімовтер.



Тауа тарихтың адам ойын сан-саққа жүгіртетін уағыз-дәрісін тыңдаған сайын ықылым заманның шүңетіне тереңдей беріп, адам баласының нәзік жүрегін қатайтқан, жұмсақ мінезін көркемдіктен айырған, ақ тілегінің орнына нәлет айттырған зұлмат соғыс тұсына келгенде басыңды жұлып аласың. Майдан даласы тек ерлік пен көзсіз батырлықтан тұрмайтынын, онда қасіреті мен қайғысы қабаттасқан бейбақ тағдырлардың бұралаң жолдары, бақытты мен қуанышы тапталған зобалаңдары жатқанын іштей түсінуге талпынасың. Хронологиялық заңдылықпен осы жылдар аралығында соғыс өтті дегенімізбен, қаншама жекелеген өмірлердің үстін жаншып өткен қорқынышты күндердің ауыртпалығын дәл бүгін сезініп, толық түсіне алар ма екенбіз. Батыр бабаларымыздың ерлігін асқақ пафоспен оқыған ұрпақ соғыс кезіндегі төтенше жағдайларды Василь Быков шығармаларындағы жазмыштай қабылдай бермейді. Онда да сатқындық пен сертке беріктік, махаббат

АЯУЛЫ АРМАН,

пен адалдық, үрей мен эгоизм бір-бірімен жанталасып, өмір сүруге құлшынып жатады. Бейбіт күндердегі адам жанының әділетсіз қылықтарын соғыстың өзі жеңе алмапты. Соғыс күндері пенде баласының күншілдігін бір сәтке болса да тыймапты. Аспаннан оқ жауған түндер алауыз көршінің, бақталас замандастың нәпсісін сындырмапты. Сонымен қоса аяулы арманға жетудің алыс жолын да қысқарта алмады. Жеңіске деген ерлік салтын да бұзуға дәрмені жетпепті. Бәрібір мейірім, жақсылық жеңіпті. Соған тәубе айтасың!

Кім соғысты аңсасын... Адам сафи әуазатының қанын дүние пайдасы үшін төгуге құмар тасжүрекке айтылған қарғыс бұ дүниеде, не о дүниеде иесін табары да хақ. Бірақ сол қарғыс жеткенше қол қусырып отырар азамат азамат па? Жаның бәйгеге тігіліп, қай қаңғыған оқ шыбын жанымды ажалға ұстатар екен деген үрейлі сәтте жасалмаған ерлік ерлік пе? Соғыс көргендердің айтуынша, ерлік бір керемет жаужүректіктен емес, азаматтықтан туар абыройлы қадам болса керек.

Бaubek Бұлқышев өзінің қысқа ғұмырында ылғи осын-

діне сездірген шығар. Жиырмадан жаңа асқан шағында Гете, Шиллер шығармаларын тәржімалап, аудармадағы алғашқы қадамдарын да жасайды. Әскерге шақыртылып, одан ары майданға аттанған Bаубектің патриоттық шығармалары баспасөзде үздіксіз жарияланды. Қаламын қаруымен қатар көтеріп жүрген жауынгер-жазушы қанды майдан даласында да жазуын тоқтатпады. Қолы қалт еткенде Мұқанға хат жазып, өлең, мақалаларын реттеп, «Алматылықтарының» басын жазды.

Bаубектің «Өмір сүргім келеді» деген мақаласын оқығаннан кейін Асқар Тоқтағамбетовке хабарласқан Мұхтар Әуезов: «Меніңше, өте жақсы жазылыпты. Ол өзі сөйлемепті, жүрегін сөйлетіпті. Оның өзі бір өте талантты жігіт екен. Шіркін, соғыстан аман қайтса, жазушы болайын деп тұрған дарын екен. Сөз саптауы, ой өрісі өте терең жатыр... Маған қатты ұнады, көзіме жас алдым...» дейді.

«Әбеке, мынау бала ғажап қой, керемет қой... Бұған дейін қалай елеусіз келген... Соғыс кезі ойын қанаттандырып, қаламын өткірлеп жіберіпті ғой...»,

**Күллі әлемнің ашу-кегі,
Орна менің кеудеме кеп!
Жау жолына атам сені
Бомба бол да жарыл, жүрек!**

Қасым.

дай абыройлы қадамға баратын офицер сияқты елестейді. Оның тәртіпті бұзуы, сөзінде тұрмауы, туған жерінің әр пұшағын жақсы көрмеуі мүмкін емес. Қазақ әдебиетінің жас буыны ретінде өзін жақсы сезініп, жауапкершілікпен ылғи өзін қамшылайтын тұсы соғыс қана емес. Әбу Сәрсенбаевтың естелігінде әлем әдебиетінің том-том шығармаларын оқып, тіпті түскі асқа шықпай бір стақан айранды қанағат етіп, алтын уақыт қимағанын жазады. Бәлкім, бір тылсым Құдірет жас қаламгерге ғұмырының қысқалығын жүре-

— дейді Ысқақ Дүйсенбаев Әбу Сәрсенбаевқа майдан газетін шығарып жүріп. «Сол жұлдызды мезгілсіз сөндіріп аламыз ба деп қорқамын. Ол қазір саперлер ротасының командирі. Ал сапер дегендер үнемі оқ астында. Шабуылға жол ашатын да солар. Оқ астында жүріп көпір салатын да солар...» деген Әбу сөзінен кейін Bаубекті газетке алдырмақшы боп, жоғары жаққа хат жазады. «Тездете көріңдер, ең болмаса дидарласып қайтайын. Қатты сағындым» деген Bаубек Мұқанға да газетке ауысуын, онда жазуға көп мүмкіндік болатынын жалпына жазған. Бірақ тағдыр оны құптамапты...

Иә, соғыс жаңа көктеп келе

де өмір бар!» деген Bаубек сөзі қайта-қайта жаңғырады.

Bаубекпен жолығу — өте қызық. Ол саған ақылы үлкен аға болып кеңес айтып тұрып алмайды. Немесе парасат биігінен төмен қарамайды. Ол сол биікке ұмтылады. Және саған бар сырын айтады. Өзі айта-тын қаламгерлер сияқты қазақ әдебиетінің бір өкіліне айналады қалайды. Ол да сен сияқты әлі ештеңеге қол жеткізбеген жас. Мұңын да жасырмайды. Сен бейне Мұқан сияқтысың. Үнемі оның хаттарын оқып, жауап бергің келеді. Сонау майдан даласынан айтқан арыз-тілегін орындап, тек Bаубектің өтінішімен ғана қала кезгің келеді. Сейітжан, Бибігүлдерге сәлемін жеткізгің кеп, әлде бір газет-журнал редакциясының есігін: «Мынау Bаубектің мақаласы» деп ашқың келеді. Соғыс уақытын емес, Bаубектің көңілін сағынасың... Оның көңілі қардан ақ, судан таза. «Тында, Кавказында» адам тағдырларын соғыстың теңестіріп

жазған хаттарында үнемі жазу, поэма, өлең, мақалалары туралы ой толғайды. Олардың баспасөзде жарық көруін қатты қадағалайды. Адам өзіне келе жатқан ажалды сезе ме, расымен. Әйтпесе Мұхтар, Әбу аңсағандай соғыстан аман келсе, Камал Смайлов айтқандай: «Олесь Гончар мен Юрий Бондарев, Шыңғыс Айтматов пен Василь Быков секілді соғыстың философиялық, моральдық, психологиялық аспектілерін терең ашып жазар ма еді?».

Bаубек хаттары — өзінің өмірбаяны. Ол жүріп өткен жолды әлдеқандай архив парақтарын ақтармастан хатынан оңай аңғаруға болады. Ол туралы жазғандардың бәрі жастық деген «өмірдің биік шыңына» көз қадады да тұрды. Ал арманы, ойы өзімен қалды...

Bаубектің жастық шыңына шыққан сайын оның өмірлік тәжірибесінің молдығына (жаста болса) әдебиет туралы пайымының қалыптасып, жанр табиғатын сезіне алғанын, әдеби эстетика мен өзіндік поэтикасын қалыптастырған қаламгер екенін аңғарасыз. Әдеби мұрасын қалдыруға, жинақтауға қанша асыққанымен, оның жазуынан осы бір асығыстықты еш аңғармайсыз. Керісінше оптимистік лепке толы шығармалары қанша жасқа рух сыйлады. Майдан даласына республиканың түпкір-түпкірінен «Бұлқышев» деп ағылып жататын хаттардың көбін жауапсыз қалдырмаған көңілі көп дүниеден үмітті еді. Оның шығармаларының негізгі арқауы — бейбітшілік. Өлеңдерінде де, мақалаларында да, тіпті «Алматылықтарында» да ол соны аңсайды. Романындағы ғазиз махаббатының аржағында «адам соғыс кезінде қандай махаббатымен ашық жолығысып, еркін тілдесе алсын» деген емеурін жатқаны анық.

АЛЫС ЖОЛ

жатқан қанша талантты ерте қырықты. Абдолла Жұмағалиев, Әли Есмағамбетов, Ихлас Адамбеков, Омарбек Пұсырманов, Сабыржан Үкенов, Бақтыяр Меңдіғазин сияқты «жаңа өспірім, көгерім» кеткендердің арасында есімі бізге беймәлім қалғаны қаншама. Қасым Аманжолов мәңгілік ескерткіш орна-тып кеткен «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы бұрын-соңды қазақ әдебиетінде үлгісі жоқ шығарма екенін ұғына бастағанымызда солардың ар жағына қанша талантты күші жатқанын аңғара да бермедік. Жалғыз Қасымның емес, бәрінің ақындық қуаты осы поэмаға келіп, құйылды ма екен. Кім біледі, әйтеуір сол поэма тек Абдолланы емес, сол сияқты қанша ақынды ұдайы еске салып тұрады. «Осы ғажап қырғын сұрапыл соғыс үстінде жаныңа сүйеу болатын нәрсе — біздің жігіттер ерлерше өліп жатыр деген сенім! Олардың өлімінде

жібергенін жазып, күллі кеңес үкіметінің халқына үндеу айта-тын қаламгердің досы болу қандай жақсы. Және Мұқан сияқты дос бола алсаң, қане.

Немістер шабуылға шыққан-да «күзем тойда болған қазақ жігіттері: «Фрицтер күземге кірісті» деп күлісіп тұрады. Жау оғының астында қасқайып күлісіп тұрған шығыс адамдарын жаным сондай сүйеді». Дұшпан оғының өзін күліп қарсы алатын Шығыс ұлының «өлімнен ұяты» күшті екенін Бұлқышев қалай жақсы біледі?! «Өмірдің ең биік шыңы — жастық» деген Гете сөзін үнемі айтатын ол өзінің жастығын барынша молынан пайдаланды. Жазуында да, соғыста да.

Bаубек шығармаларынан үлкен көркемдікті талап ете алмаймыз. Аяқтай алмай кеткен «Алматылықтар» романы сол уақыт үшін үлкен ерлікпен пара-пар еді. Неге Bаубек соғыста жүріп, роман бастады? Мұқанға

Bаубектің жастық шыңында жақсылыққа құмарлық, өмірге құштарлық, жер бетіне ізгілік тілейтін мол мейірбандық бар. Сол шыңнан біз алыстаған сайын осы бір Құдай сыйлаған нығметтерден де алшақтап бара жатқан сияқты көрінеміз. Ол — әлі былғанбаған, сол жас қалпында соғыс көрген қасіретті, арманшыл жүрек.

«Майданда сөйтіп бір күн мен өлермін,
Қоштасып жер бетінен жөнелермін.
Бір өлген соң, қайғы жоқ, уайым жоқ,
Қандай болар, о, сонда жайың сенің?

Міне, ол біздің көгірегімізді жер бетінен адалдық іздеген, адам жанын рахат сәулесімен нұрландырған арманшыл сөйлемдерімен толқытып тұр.

Бағашар ТҰРСЫНБАЙҰЛЫ.

Имандылық иірімдері

Адам жаратылысынан-ақ өте әлсіз, қауқары жоқ әлжуаз. Оның әлсіздігі сол – тым секемшіл не нәрсеге болсын үрке қарайды, айналадағы көп нәрседен өзіне қауіп төнеді. Бір жағынан, ол тым дәрменсіз. Қастығы мен қысастығы дайын дұшпаны көп, қайғы-қасіреті де бір басына жетерлік. Әрі өте кедей. Қыжалат-зәрулігі бір бітпейді. Адам сондай-ақ еріншек, күш-қуаты төмен. Ал өмір болса керісінше тым қиын, күрделі, жүгі ауыр. Адам болғандықтан әлеммен тығыз араласпай тұра алмайды. Алайда кімді көңілі ұнатып, құлай сүйсе де түбінде содан қол үзіп, көз жазып қалатындығы, нені жанына жақын көріп қимаса да бәрібір еріксіз айрылатындығы оның жүрегіне тиіп, жанына батады. Ақыл-ойы оны биік мақсаттарға, ұшқыр қиялдарға жетелесе де айналып келгенде тағы сол қысқа жіп күрмеуге келмейді, адамның бәрібір қолы қысқа, өмірі шолақ, күші аз, шыдамы жетпейді.

Міне, дәл осындай кейіптегі рухтың **таң намазы** кезінде құдіреті мен мейірімі шексіз Хақ Тағаланың салтанатты сарайына тілек-дұғасы, намазы арқылы өтініш білдіріп, өзіне табыс пен медет тілеуі қаншалықты орынды. Өзін күні бойы күтіп тұрған күндізгі әлемнің қат-қабат қиыншылығы мен сан-алуан ауыртпалығына көңдігуде, иығына түсер зіл батпан салмақты еңсеруде, өзіне берілген міндетін мүлтіксіз атқара алуында нық арқасүйер сүйенішін еске алып дәтке қуат

Жаратушының асқақ абыройы мен айбарының алдында асқан кішіпейілділікпен басын иіп рукуға барады. Оның құдайылығы жоғары санап, өзінің құл екенін еске алып тағы да барынша төменшіктеп, қарапайымдылықпен сәждеге бая қояды. Сәждеге бас қоя отырып, адам жаны мазасыздықтан арылып, шексіз рахатқа бөленеді. Екінді намазы илләһи құзырда берілер өмірге дайынын, өзінің құл екендігін мойындаған адам кейпін еле-

ден әрі мәңгілік Жаратушыны еске алып, ақшам намазын өтеуге ниет етеді. «Аллаһу әкбар» деген күйі күллі өткінші нәрселерден бойын аулақ салып, бар ықылас-пейілін өткінші емес, жалған емес тұрақты әрі мәңгілік иесі – бір ғана Жаратушыға бұрады. Алланың құзырында намазға тұру арқылы «әлхамду-лиллаһ» деп оның кемшіліктен пәк кемелдігіне, төңдессіз көркемдігіне, шексіз мейірімділігіне шүкіршілік пен мақтау айтып, «ияка на-

бәрін тәрк етіп, сүйіспеншілігі мен құлшылығын паш етеді. Оған қоса, бүкіл өткінші, жалған нәрселердің орнына Бақи (мәңгілік) әрі Жәмил (әдемі) Өзәли Рақым (мейірімді) иесін тауып, (сұбханака раббил ағла» деу арқылы пәниліктен, жоқ болып кетуден ада, кемшілік пен пендешіліктен пәк ұлы раббысын ұлықтайды. Артынша тізе бұғып тізерлей отырған күйі күллі жаратылысқа тән таза, табиғи, пәк, көркем ғибадат, дұға-тілек атаулыны (Мифраж кезінде Мұхаммед Пайғамбарымыздың жасағанындай) Өзәли Жәмил, Өбәди Жәлил (ұлы) Аллаһ Тағалаға сый ретінде тарту етеді. Пайғамбарымызға сәлем жолдау арқылы оған деген сертін жаңалайды, артынан ерген үмметі ретінде барша үкімдер мен өмірлерге бойұсынғандығын білдіреді. Иманын нұрға малып, тағы бір рет жаңалау үшін мына ғалам сарайының сырлы жүйесін тамашалап, Аллаһ Тағаланың жалғыз екендігіне куәлік етеді. Илләһи салтанаттың хабаршысы, илләһи талап-тілекті жеткізуші қызметкер,

ниееде үзілуімен олардың толықтай басқа әлемге өтуі өмірді де, өлімді де жаратқан Аллаһтың құдайылық ісін паш етеді. Тар дүниенің көбесі сөгіліп, мезгілі жеткенде жалғандығын білдіріп шаңырағы шайқалып ортасына түсуімен ілезде кең әрі шексіз, мәңгілік ақирет әлемінің айқара ашылуы көктер мен жерді жоқтан бар еткен Жаратушының құдіретті ісі мен көркем көріністерін еске салар уақыт. Сондай-ақ күн мен түнді, қыс пен жазды, дүние мен ақиретті бір кітаптың беттері секілді оп-оңай парақтап, оларды қалауынша жазып-сызып, бұзып-өзгерте алатын күш қана мына ғаламның шынайы иесі, негізгі қожайыны бола алмақ. Нағыз сүйіспеншілік пен құлшылыққа да сол лайық. Бұл мезгіл осылардың барлығына үкімі тең жүретін шексіз құдіретті күш иесінің бар екенін дәлелдейтін сәт болып табылады. Міне, осы кезде барынша әлсіз, әлжуаз, дәрменсіз, мейлінше кедей, пақыр, келешектің түпсіз қараңғылығына көміліп әрі күнделікті қым-қуыт тіршіліктің ықпалымен әрі-сәрі күй кешіп, сансыраған адам рухы құтпан намазын оқуға ниет етеді. Ол түн қараңғысының шөккенін көргенде құдды ай, жұлдыз, күнді меңзеп «батып кететіндерді жаным сүйейді» деп соңында батпайтын, жоғалмайтын бір ғана жаратушыны тапқан Ибраһим пайғамбар секілді ғұмыр бойы құлшылық пен сүйіспеншілікке лайық Аллаһ Тағаланы өзінің намазы арқылы пана тұтады. Намаз арқылы мына пәни тіршілік пен жалған өмірде, қараңғы дүние мен бұлдыр болашақта мәңгі әрі соңы жоқ Аллаһ Тағалаға жалбарынып тілеу тілейді. Жалбарына отырып аз ғана бір тұңғық сұхбат арқылы бірнеше минуттық тұңғық уақыт ішінде дүниелік тіршілігіне нұр себер, болашағын қараңғылықтан арашалайтын, жақын туыс, жақсы көрген жандардан қапыда көз жазып қалған сәтте жүрекке түскен жараға ем дарытатын Аллаһ Тағалаға тән рақымның ілтипаты мен тура жолға салар нұрын көріп қолқа салады. Әрі көзді ашып-жұмғанша өтпелі, өзін тез ұмытатын көзден таса дүниені өзі де бір сәтке ұмытып, жүрегі қан жылаған күйі ішкі мұң-қайғысын илләһи мейірім құзырына төгеді. Сондай-ақ өлімді еске салар ұйқыға бас қоймай

АДАМ ПСИХОЛОГИЯСЫ

бекітуі қаншалықты қисынды екені құптарлық. Ал, **бесін уақыты** болса – күндіздің толықсып кемелденіп, енді бір сәтке біртіндеп күннің екінші жартысына ауа бастаған кез. Оған қоса, күндік толассыз, қыруар шаруаның ең бір қым-қуыт сапырылыс шағында, жұмыстың барлық қысым-ауыртпалығынан бір сәтке арылып, уақытша болса да сәл-пәл тынығатын мезгіл. Әрі өткінші, пәни дүниенің ауыр жұмыстарынан бір бас алмаудан пайда болған бейғамдық пен сіресуден бой мен сананы бірдей арылтып, рухтың тыныс алуына жол ашатын кез. Илләһи нығметтердің бой көрсетер тұсы. Адам жаны әлгіндей қысым, ауыртпалық, бейғамдықтан, мән-мағынасыз, пәни тірліктен арылып, ешкімге мұқтаж емес әрі мәңгілік қасиеттерге ие нығмет-несібелердің шынайы иесі Аллаһ Тағаланың алдында құлшылық жасауға ниет етіп қол байлап, өзіне нәсіп етілген бүкіл ризық-несібе атаулыға шүкір етіп Жаратушыға мақтау айтады. Оның ұлылығының алдында иіліп тағзым етеді, рукуға барады. Оның төңдессіз кемелдігі мен жамалына таңырқап, әсемдігін дәріптеп сәждеге бас қояды. Өз сүйіспеншілігі мен таңданысын бесін намазын оқу арқылы білдірудің қаншалықты ұнамды, қаншалықты орынды, қаншалықты керекті екенін ұғына алмау, сірә, адамдыққа жатпаса керек?! Енді **өкінді уақыты** – ажары қашқан сүренсіз күз мезгілін, қалжыраған қарттықты, ақыр заманның жан түншіктірер сәттерін еске түсіреді. Сондай-ақ, бір күнгі қауырт жұмыстың аяқталуға бет алған шағы болғандықтан күні бойғы өзіндегі сау-саламаттық жақсы жұмыс істеуі үшін берілген денсаулық, қажыр-қайрат, күш секілді бір төбе болып жиналып қалған Жаратушының нәсіп еткен жақсылықтарын еске алар сәт. Күнбатысты алқызыл түске бөлеп, күннің бата бастауы да адамға ой салып, көп нәрсені ұқтыра түседі. Адам өзінің жай ғана қонақ екенін сезініп, барлық нәрсенің өткіншілігіне көз жеткізеді. Дәл осы сәт, мәңгілікті аңсайтын о баста сол үшін де жаратылған, жақсылыққа бас иіп, айрылысудан азап шегетін адамның рухы тазалықты қалап, екінді намазын оқуға ниет етеді. Аллаһ Тағаланың илләһи құзырына шығып, ішкі тілеуін тілеп, дұғасын қайтарады. Аллаһтың шексіз рақымдылығын пана көріп, есепсіз нәсіп еткен ризық-несібелері үшін шүкіршілік білдіріп, мақтау айтады.



БЕС УАҚЫТ НАМАЗ

стетеді. Дәл осы уақытта екінді намазының атқарылуы қаншалықты орынды, қаншалықты керекті, қаншалықты жарасымды екені даусыз. Ол – жаратылыс міндеті. Аз ғана бір құлшылықпен үлкен бақытқа қол жеткізудің артықшылығын өзін адам санаған әркімнің ақ ұғынары сөзсіз. Сонан соң **ақшам уақыты** – жадыраған жаз кетіп, күреңіткен күз сырғып, орнын қытымыр қыстың басқанын елестетеді. Сол секілді адамның да қайтыс болуын, өзіне жақын бүкіл туыс-туған, ағайын-жеюкат, дос-жарандарымен қош айтысып, қабірге сапар шеккен сәтін еске түсіреді. Сондай-ақ, дүр сілкінген үлкен зіл-заламен жер бетін мекендеген күллі жаратылыс атаулының о дүниеге үдере көшуін, сынақ әлемі саналатын мына дүниенің үлкен шырағы – Күннің сөндірілу уақытын елестетеді. Бұған қоса, ақшам мезгілі – мәңгіліктен ада, соңы бір тұтам, өтпелі нәрселерге бас ұрып табынған пенделердің оңбай қателесетіндіктерін қатаң ескертетін уақыт. Міне, дәл осындай уақытта жаратылыс тұрғысынан мәңгілік көркемдік иесі – Хақ Тағалаға (илләһи сұлулыққа) құштар адам рухы мына кең дүниені жаратып, оны басқарып тұрған болмысы ежел-

буду уә ияка нәстайн» (саған ғана құлшылық жасап, сенен ғана жәрдем тілейміз) деп дұға оқиды. Осылайша намаз кезінде іштей тынбастан күбірлеп дұға оқу арқылы серіктесі жоқ, жаратушылықта өзіне қосарланар ешбір ортақтасы жоқ Аллаһ Тағаланың жалғыздығын, құдайылығын паш етіп, оның уәзірге мұқтаж емес сән салтанатты патшалығына тән өзінің де құлы екенін білдіріп, жалбарына медет тілейді. Сондай-ақ, Жаратушының ұлылығы мен асқақтығына, шексіз құдіреттілігі мен кемшіліктен пәк абыройына бас иіп, рукуға барады. Бас иген күйі өзінің де, ғаламның да тым қауқарсыз әлсіз, әлжуаз, дәрменсіз, бейшара, пақырлығын мойындап, «субхана раббил азим» (Ей, ұлы раббым сен неткен пәксің!) деп ұлы Жаратушыны пәктеп, оған мадақ айтады. Бір жағы, өткінші емес, жалған-пәниліктен пәк Жаратушы, өзәли кемелдігінің алдында сәждеге жығылады. Сәждеге бас қоя отырып, таңданысы мен бойұсынушылығы шеңберінде «тәркі ма сиау» яғни Аллаһтан басқаның

ғалам кітабындағы аяттардың тілмәші Мұхаммедтің (с.ғ.с.) пайғамбарлығына куәлік етеді. Осылайша кешкі намазын тәмамдайды. Дәл осындай терең хал-ахуалды бастан кеше отырып ақшам намазын оқу қандай ұнамды, қандай кіршіксіз міндет, қаншалықты абыройлы ләззатты қызмет, не деген көркем құлшылық, неткен шынайы ақиқат?! Бұл пәни керуен сарайдағы қандай ғажап мәңгілік сұхбат әрі не деген қол жетпес бақыт десеңізші?! Мұны түсінбеген жан қалайша өзін адаммын деп айта алмақ?! Сонан соң **құтпан уақытында** – аспан көкжиегінде қалып қойған күндіздің белгілері сол күйі жым-жылас өшіп, жер бетінде тас түнек түн қараңғылығы орнайды. Бұл күндіз бен түнді ауыстырып тұратын Аллаһ Тағаланың әлгі ақ паракты – мына қара паракқа алмастыруындағы илләһи билігін, сондай-ақ жасыл желекке көмкерілген жазға тән жасыл паракты – қыстың суық ызғарлы ақ парағына айналдыруда Күн мен Айды өз өміріне бағындырған Хақ Тағаланың пәрменді илләһи ісін еске салады. Оған қоса, уақыты жетіп қабірге қойылып, ақиретке сапар шеккен пенделердің артында қалған еңбектерінің де мына дү-

тұрып, бәлкім олай-бұлай боп кетсем деген күдікпен соңғы құлшылығын да адал атқарып, күндік амал дөңтерін игі іспен тиянақтау ниетімен намазға тұрады. Яғни, бұл дүниедегі барша пәни сүйіктілер жиналса да орнын толтыра алмайтын мәңгілік құлшылық пен махаббат иесі Аллаһ Тағалаға ғибадат жасайды. Не сұраса да дәрменсіздерге емес, бәріне күші толық жететін әрі жомарт Жаратушыға қол жаяды. Не нәрсенің зиянынан қорғанса да тағы сол қорғаушы Хафизға арқа сүйеп, мейірбандығы мол Рахим Тағаланың құзырына шығады. «Фатиха» сүресімен бастау арқылы іске алғысыз бір орында тұрмайтын кемшілігі мен нұқсандығы көп бейшара жаратылыстарға қарыздар болып мақтау айтқаннан гөрі шексіз кемелдік әрі мол байлық иесі, әлем атаулының Раббысы Аллаһ Тағалаға мадақ айтып, мақтау білдіреді. «Саған ғана құлшылық жасаймыз» дей алу деңгейіне көтеріледі.

«Құлшылық құпиясы» атты кітабынан аударған:
Сарысу ауылы мешітінің бас имамы
Әнуарбек ДӘУЛЕТКЕЛДІҰЛЫ.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында Қарсақбай кенті Мәдениет үйінің ұйымдастыруымен «Дені саудың – жаны сау» тақырыбында мекемелер мен мектеп оқушылары және колледж студенттерінің арасында марафон өтті.

ҚАРСАҚБАЙ КЕНТІНДЕ ӨТКЕН МАРАФОН



Марафонның ашылу салтанатының алғашқы сөз тізгіні Ұлытау ауданының Құрметті азаматшасы Қарсақбай кенті Отбасылық амбулаториясының аға дәрігері Ұлмекен Қасенқызына берілді. Ол кісі марафонға қатысушыларға жылы лебізін білдіріп, сәттілік тіледі. Бұдан кейін марафонның жүру тәртібімен Ж.Жабаев атындағы Қарсақбай орта мектебінің денешынықтыру пәнінің мұғалімі Серік Қапанұлы түсіндірді.

Марафонға 11 жастан бастап, 50 жастан асқан ерлер мен әйелдер және жасөспірімдер, студенттер қатысты. Мектеп оқушылары жас ерекшеліктеріне қарай бөлініп 500 метрге жүгірсе, колледж студенттері 1000 метр

қашықтыққа жүгіріп сынға түсті. Осындай қашықтықта ерлер мен әйелдер де бақтарын сынап, жарысты қыздыра түсті. Әйелдер арасында оқ бойы оза шауып, бәйгенің алдынан көрінгендер Тоғжан Өтеген, Гүлзат Бақытқызы және Айымжамал Мектепова жүлделі орындарға ие болды. Ал, ерлер арасында Қайрат Төкеш, Жалғас Қыдырәлі, Асхат Нәшенковтер нағыз жүйріктер екенін байқатып, жарыстың алдын бермеді. Жалпы марафонға 100-ге тарта спортсүйер қауым қатысты. Бұл марафон кентімізде алғаш рет өткізіліп отыр.

А.ИБРАЕВА,

Қарсақбай кенті Мәдениет үйінің музыкалық жетекшісі.



ҚАМҚОРЛЫҚ АЯСЫНДА

2016-2017 оқу жылында №18 Мибулак орта мектебінде Ұлытау ауданы білім бөлімінің 2016 жылғы 27 шілдесіндегі хатындағы 2016 жылдың 1-тамызы мен қыркүйек айының 30-на дейін «Мектепке жол» дәстүрлі жалпы республикалық қайырымдылық акция өтетіндігі туралы хабарламаға сәйкес мектепте жұмыстар жүргізілді. Ағымдағы жылғы әлеуметтік бағыттағы бұл бастама Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25-жылдығына орай «Бақытты балалық шақ мекені» ұранымен өткізілді. Акцияның мақсаты — аз қамтылған және көпбалалы отбасылар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ішінен оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу үшін көмек көрсету болғандықтан, акцияны ұйымдастырылған түрде өткізу мақсатында мектепшілік акцияны ұйымдастыру және өткізу жөніндегі мектепшілік іс-шаралар жоспары жасалынып бекітілді.

Халықты кеңінен ақпараттандыру, сондай-ақ акцияға ықтимал демеушілерді тарту үшін 2016 жылдың 1-тамызында мектепте республикалық акцияның басталуы туралы отырыс өткізілді.

Мектеп мұғалімдерінің көмегімен аз қамтылған және көпбалалы отбасылар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ішінен оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу мақсатында 5 (бес) оқушыға 7500 (жеті жарым) мың теңге көлемінде мектепке қажетті оқу құрал-жабдықтары алынып берілді. 3 оқушыға «Жалпыға бірдей білім беру қорынан» бөлінген 55000 мың теңгенің киім-кешектері берілді. Өткізілген іс-шараға ата-аналар өз ризашылықтарын білдірді.

Акция кезеңі аяқталғанмен аз қамтылған отбасы балаларына көмек қолын созамын деген кәсіпкерлер мен қайырымды азаматтарға тоқтау салынбайды. Қамқорлық жасау кімнің де болса қасиетті парызы.

П.ӘБУЛЯСОВА, әлеуметтік педагогы.

Жезді жаңалықтары

ТІЛ МЕРЕЙІН АСҚАҚТАТТЫ

Жуырда Қазақстан халқының Тілдер күні мерекесіне орай, Жезді кенті Мәдени-сауықтыру орталығында «Ана тілім – ардағым» атты тақырыпта жасөспірімдерге арналған мерекелік шара өтті.

Мекеме алдына ілінген түрлі-түсті шарлар мен гүлдер және шырқалған әсем сазды әуен жиылған көрермендерге мерекелік көңіл-күй сыйлағандай әсер қалдырды. Шара барысында жұртшылықты әнші А.Смағұлов құттықтап, «Аманат» әнімен көрерменнің көңілін бір сергітіп тастады. Кешті жүргізуші балаларға тілдің құдіретін, асыл қасиетін, мәнін жан-жақты түсіндіріп, «Тіл-ұлттың жаны» екенін ұғындырды. Бұдан кейін мектеп оқушылары Ө.Әлімбаев пен А.Бексұлтан Ұлы ақынымыз Абай Құнанбаев пен ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін жатқа айтты. Кеш әсем әуенге жалғасып, Н.Сайлау орындаған «Қазақ қызы», А.Елімбаевтың «Ақ көгершін» әндері мерекенің шырайын келтіре түсті. Мәдени-сауықтыру орталығының жасөспірімдермен іс-шара ұйымдастырушысы Ғ.Жеңсікбаева балаларға арнап сурет салу жарысын ұйымдастырды.



Осы кезде мекеменің жас әншісі Ю.Настась орындаған «Қазақстан бақытты» әні тыңдарманның Отанға, еліне деген сүйіспеншілігін арттыра түскендей болды. Шара аясында жүргізуші балаларды екі топқа бөліп, «Ең мықты» ойыншыны таңдауды ұйымдастырды. Олардың тілдерін жаттықтыру мақсатында жаңылтпаштар айтудан жарыс өткізіп, қызықтыра түсті. Іс-шара соңында №6 Жезді орта мектебінің тәлімгері Ж.Әубәкірова көрермендерді мерекелерімен құттықтаса, жүргізуші белсене қатысқан оқушылардың есімін атап, Ө.Әбдіқасым, М.Алшынбек,

С.Баркен, Е.Советбек, И.Мырзахмет сынды шәкірттерімізге Мәдени-сауықтыру орталығының атынан сыйлықтар тапсырды. Мерекелік іс-шараны «Анамның тілі» әнімен қорытындылап, балдырғандарымыз жақсы көңіл-күймен кешті көңілді аяқтады. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» дегендей, әрдайым өз ана тілімізде сөйлеп, өз ана тілімізді құрмет тұтайық, ағайын!

А.КӘДІРОВА,

Жезді кенті Мәдени-сауықтыру орталығының көркемдік жетекшісі.

«ОТБАСЫ – ТӘРБИЕ ОТАУЫ» АТТЫ ТРЕНИНГ ӨТТІ



Көзі ашық, көкірегі ояу адам кітапты – рухани байлық, кітапхананы – мол қазынаның ордасы деп санайды. Отбасымен, үлкен-кіші, бала-шаға болып кітапханамызға келіп, әдеби кітаптарға, газет-журналдарға үзбей жазылып отырған отбасылық оқырмандарымызды шақырып, отбасында баланы кітапқа деген қызығушылығын қалыптастыру мен кітап оқуға уақытты бөлу, кітап оқудың пайдасы, жалпы отбасындағы орнаған рухани тәрбие жайлы сыр бөлісу мақсатында Жезді кенті кітапханасында «Отбасы – тәрбие бастауы» атты тренинг өтті.

Тренинг — (training) ағылшын тілінен аударғанда «тәрбиелеу», «жаттығу», «әдіс-тәсіл» деген мағынаны білдіреді. Тренингке ең үздік отбасылық оқырмандарымыз Дәурен Шормановтың отбасы «Руханият» тобы және Мұ-

ханбедия Ахметовтың отбасы – «Шаңырақ» тобы қатысты. Әр отбасы топтың аталу себебімен және топтағы мүшелерімен таныстырды. «Отбасы – шағын мемлекет» бөлімі бойынша екі топтың белді мүшелері ата-аналарға отбасылық тәрбие жайлы сұрақтар қойды. «Әр үйдің сыры басқа» бөлімінде көрініс арқылы көрсетілген ситуацияны шешудің жолдарын әр отбасы өз көзқарасы мен жеке тәжірибелерімен бөлісті. «Болашақ – білімде» бөлімінде викториналық сауалнамаларға жауап беріп, білімділігі мен ой ұшқырлығын байқатты. «Бала өсірген ата-ана бала болып ойнайды, бала оқытқан ұстаздар бала болып ойлайды» деген нақыл сөз педагогикалық қағида бойынша келесі «Бейнелер сыры» бөлімінде берілген бірнеше суреттерден мақал-мәтелдер құрастырып, даналық сөздердің тәрбиелік

мәніне тоқталды. «Қонаққа» бөлімінде әр отбасы бар өнерлерін көрсетті, «Руханият» тобында отағасы Дәурен аға домбырамен Сәкеннің «Тау ішінде» әнін нақышына келтіріп орындаса, отанасы Гүлсім оюлаңып кестеленген құрақ көрпелерімен қоржын қалтасын көрсетті. Кітапханада өткен барлық іс-шараларда би билеп, мәнерлеп өлең оқып, белсене қатысушылардың бірі – қызы Нұршаттың да өнерін де тамашаладық.

«Шаңырақ» тобында ұлы Әубәкір ана, туған ел тақырыбында ән орындаса, қызы Фариза түрлі-түсті бисермоншақтардан, резеңке жіптерден тоқылған алқа, білезіктерін көрсетіп, бос уақытында кітап оқумен және тоқумен айналысатынын айтты.

Міне, осындай тамаша кештің куәгері болып отырған «Айгөлек» балабақшасының тәрбиешісі Айша Қуанышқызы көрермен қонақтардың атынан алған әсерімен бөлісіп және екі отбасына тілек-лебизін білдірді. Тренингке қатысқан екі отбасына кітапхана меңгерушісі, осы жолдардың авторы алғысын білдіріп, естелікке кітапхана ұжымы атынан сыйлықтар табыс етті.

К.ҚҰСАЙЫНОВА,

Жезді кентіндегі кітапхана меңгерушісі.

Суретте: тамаша кештің әсерлі сәті.

Ұстаз — ұлы тұлға

ШИРЕК ҒАСЫР БІР МЕКТЕПТЕ

Жасұлан АЯШЕВ

Денсаулық – елдің байлығы. Бұл факторды жас ұрпақтың бойына сіңіру аса маңызды. Әр таң атып, ұйқыдан ояңған кезде әртүрлі жаттығуларды жасағанда бойын серігіп, көңілің көтеріліп қалатыны рас. Жас болсын, егде тартқан қарт болсын денсаулықты бірінші орынға қойып, әр адам баласы күнделікті спорт түрлерімен айналысып тұруы керек. Денешынықтыру және спорт түрлері саламатты өмір салтын қамтамасыз етуде ерекше орын алады.

Денешынықтыру және спорт саласын жандандырып, аудан көлеміндегі спорттық ойындарға белсенді атсалысып, ауыл спортына үлесін қосып жүрген, ауылымыздың азаматы Еркебұлан Төлеуұлы Бегаев еді. Ол қасиетті Үш Жүздің басын қосқан Ұлытаудың тумасы. 1968 жылы 11 қарашада дүниеге келген. №1 Ұлытау орта мектебін 1986 жылы тәмәмдап, Отан алдындағы әскери борышын өтеуге аттанып, Қарағанды қаласындағы физкультура және спорт техникумына түсіп, оны 1991 жылы бітіріп шықты. Сөйтіп, өзінің ұшқан ұясы Ұлытау орта мектебіне алған мамандығы бойынша жұмысқа орналасып, жас ұрпақты саламатты өмір сүруге тәрбиеледі. Еркебұлан білім алудан ешқашан тоқтап қалған емес. Білімін арттыру мақсатында 2002 жылы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіне түсіп, 2005 жылы денешынықтыру бойынша педагог мамандығын алып шықты. Жоғары білімді, білікті ұстаз болып, 25 жылдан аса уақыт еңбек етіп, талай-талай жас шәкірттерді спортқа баулып биік белестерден көрсете білді «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» атанып оқушылары ұстаздың еңбегін ақтап ауданымыздың намысын қорғады. Мұның бәрі мұғалімнің шынайы еңбегі.



тің 20 жылдығына орай ұйымдастырылған қыздар арасында 400 метр жүргіруден II орын, «Олимпиада күніне» орай жеңіл атлетикадан қыздар арасында және Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған қысқы Президенттік көпсайыста I-орынға ие болса, стол теннисінен өткен аудандық оқушылардың арасындағы жарыста II-орынға қол жеткізген. Нұрғиса Мырзабек жеңіл атлетикадан оқушылар арасында 3000 метр қашықтықта жүгіруден I-орынды жеңіп алған. Командалық жарыстарда да оқушылары құр алақан емес, 2006 жылы Тәуелсіздіктің 15 жылдығына орай, облыстық волейбол жарысынан I-орынға ие болды.

Ал, 2013 жылы Жезді кентінде өткен аудандық қыздар арасындағы волейбол ойындарынан қыздар тобы жеңімпазы атанған.

2015 жылы ҚР-ның Құрметті металлургі, Қадыр Мәткенұлының туылғанына 80 жылдығына орай ұйымдастырылған, ау-



Еркебұлан мінезі ашық, ақжарқын жігіт. Әр уақытта шәкірттерінің жанынан табылатын білікті ұстаз. Оқушыларының алдарына міндет қойып, шәкірттері сол қойылған талаптардың нәтижесінде жоғарғы дәрежеге қол жеткізді. Денешынықтыру сабағы кезінде балалардың көңіл - күйін тауып, тіпті сол оқушыларды туған бауырындай жақын тартып, спортқа деген құштарлығын арттыра түседі. Қазақта жақсы мақал бар «Ақша жоғалса – ештеңе де жоғалтпағаның, уақыт жоғалса – көп нәрсені жоғалтқаның, денсаулығыңды жоғалтсаң – бәрі де жоғалғаның». Сондықтан, әрқашанда денсаулықты бірінші орынға қоятын Еркебұлан сабырлықпен ақырын жүріп анық басатын азамат.

Еркебұланнның тәлім-тәрбиесімен оқушылары жақсы нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Солардың бірі - Жадыра Көпеш, жеңіл атлетикадан 400 метр қашықтықта жүгіруден I-орынға иеленсе, Ұлы жеңістің 70 жылдығына арналған «Бірінші болу батылдық» атты марафонда тағы да жеңімпаз атанды. Аудандық қысқы президенттік көпсайысында II-орыннан көрінді. Сабина Қойшығара, Тәуелсіздік-

дандық баскетбол ойынында ер балалар тобы турнирдің жүлдегері болды.

Еркебұлан Бегаевтың өзінің де жүлдемен оралған жетістіктері де аз емес. Жезқазған қаласының 50 жылдығына орай туристік слетіне белсене қатысып, жауапкершілікті жоғарғы дәрежеде атқарғаны үшін Алғыс хатпен марапатталды. Ал, 2011 жылы Халық арасында бұқаралық спортты насихаттап ерлер арасында шаңғы жарысынан 4 шақырым бойынша II орынға ие болған. Бүгінде Еркебұлан Төлеуұлы өсіп келе жатқан жас ұрпақты шынықтырып, спортқа бейімдеп мықты азамат болып шығуына күш-жігерін, бар білімін жұмсап, аянбай еңбек етіп келеді. Халық арасында бұқаралық спортты насихаттау, жастардың бойына саламатты өмір салтын қалыптастыруда жемісті еңбек етіп, облыстық, ауданаралық іс-шараларға жастарды қатыстырып, жүлделі орындарға ие болып елдің мақтанышына айналып отыр. Қазіргі уақытта №1 Ұлытау орта мектебінде денешынықтыру пәнінің мұғалімі Еркебұлан жас шәкірттерге сапалы білім, саналы тәрбие беріп жүрген білікті ұстаз.

Білім ордаларында

АУДАН ПРОКУРОРЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Жаңа 2016-2017 оқу жылы басталысымен 23-ші қыркүйек күні №1 Ұлытау орта мектебінің жоғарғы сынып оқушылары Ұлытау ауданының прокуроры Қ.Манапов, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Қарағанды облысы, Ұлытау ауданының прокуроры Б.Бегаев және Ұлытау АІІБ ЖПҚ басшысының орынбасары Н.Дүкенбаевпен кездесу болып өтті. Кездесу барысында оқушылардың құқықтары, ауыл ішінде болатын ұсақ құқықбұзушылық, жасөспірімдер арасындағы үлкен проблема – есірткі, темекі, алкогольдік ішімдікке әуестік, т.б. да тақырыптар қозғалды. Оқушылардың көкейінде жүрген сұрақтары тиісті жауаптарын тауып, «қылмыс әлемінен» келтірілген мысалдарды ойға түйді.



Мектеп қабырғасындағы оқу-тәрбие процесі неғұрлым жан-жақты, жаңаша және ауқымды болса, соғұрлым нәтижелі болмақ. Мектеп бағдарламасынан тыс жүргізілетін шаралар, қоғамдық жұмыстардың мән-маңызы аса зор. Бұл орайда түрлі кездесулер, диспуттар, пікірсайыстар, т.с.с. өткізіп отыру оқушының ой-өрісі кең, зердесі терең, жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасуына жол ашатыны анық. Аудан орталығындағы №1 орта мектепте мұндай үрдіс, жаңа оқу жылында жалғасын тауып отыр.

Таяуда осы мектептің жоғарғы сынып оқушылары мен заң орындары қызметкерлерінің кездесуі болып өтті. Кездесуге аудан прокуроры Қ.Манапов, облыстық құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ауданымыз бойынша прокуроры Б.Бегаев, аудан ІІБ-нің ЖПҚ басшысының орынбасары Н.Дүкенбаев, ұстаздар мен оқушылар қатысты. Кездесу барысында оқушыларға олардың міндеттері мен құқықтары түсіндіріліп, ауыл ішіндегі тәртіп бұзушылық, жасөспірімдер арасындағы өзекті мәселе – есірткі мен темекіге, ішімдікке әуестік, т.б.

жаман әдеттер жайлы ашық әңгіме өрбіді. Оқушылар өздерінің көңілдерінде жүрген сауалдарына, заң орындары қызметкерлері тарапынан нақты жауаптарын алды. Әсілі, қазақ халқы бала тәрбиесінде үш қағиданы ғана қолданғаны белгілі. Өлсізге әлім-жеттік, жануарларға қатігездік жаса-са «обал болады» десек, көше кезіп әдепсіздік танытса, адамгершілікке сай емес іс-әрекеттер көрсетсе «ұят болады» дейміз. Ырым-тыйымға қарсы келгендерді, денсаулығына зиян келтірушілерді «жаман боладымен» тәрбиелейміз. Негізі бұл дұрыс бағыт! Жоғарыда айтылған үш қағида – халықтық тәрбиенің ең озық «қаруы» десек те болады. Осы сөздердің аясынан шықпаған тәрбиелі, саламатты, қоғамға пайдалы болып өсеріне кепілдік бар! «Тәрбие тұңғыс – халықта» деген осы болар, сірә...

Ал бұл кездесудің жасөспірімдер үшін өте пайдалы, әрі керекті кездесу болғаны анық, енді...

Д.ӘДЕН, мектеп психологы.

Суретте: кездесуден көрініс.

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТКІЗІЛДІ

Жуырда аудандық мәслихаттың мәжіліс залында комиссия төрағасы М.Мәткеновтің төрағалық етуімен аудандық мәслихаттың «Ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, экология, құрылыс, байланыс, көлік және коммуналдық шаруашылық жөніндегі тұрақты комиссиясының кезекті отырысы өткізілді. Тұрақты комиссия отырысына аудан әкімінің орынбасары А.Мырзабеков, қоғамдық кеңес төрағасы Ә.Жандарбеков, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ж.Бабатаев, кент, село әкімдері мен мекеме және кәсіпорын басшылары қатыстырылды. «Ұлытау ауданының коммуналдық меншіктегі мүліктері туралы» күн тәртібіндегі мәселе төңірегінде аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Т.Шайхин хабарлама жасады. Бөлім басшысы әсіресе ауданымызда коммуналдық меншікке алынбай жүрген және құжаттары толық рәсімделмеген мүліктер барын, оған жауапты тиісті мекеме қызметкерлерінің жауапкершілікпен қарауын сұрады. Аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Ә.Жандарбеков, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының орынбасары Ж.Бабатаев коммуналдық меншікке және оған иелік ететін мекеме басшыларына мәселені оңтайлы шешу мақсатында өз пікір-ұсыныстарын білдірді. Комиссия отырысында сөз алған аудан әкімінің орынбасары А.Мырзабеков күн тәртібіндегі мәселеге орай өз ой-пікірін білдіріп, мәселені қадағалауға алатындығын жеткізді.

Өз тілшіміз.

Ел мен жер

Талдау барысында келесідей деректер анықталды: Ұлытау ауданының жер қоры 12 293 105 гектар, оның ішінде ауыл шаруашылық алқаптары 11 599 002 гектар.

Ауылшаруашылығы мақсатындағы 2 236 382 гектар жерлер 937 жер иелері мен пайдаланушыларға бекітілген, оның ішінде 933 азаматтарға шаруа қожалығын жүргізуге 2 214 975 гектар, 2 мемлекеттік емес ауыл шаруашылығы заңды тұлғаға 5 757 гектар, 2 мемлекеттік ауыл шаруашылығы заңды тұлғаларға 15 263 гектар жерлер бекітілген.

Ауданда 282 880 гектар жер 27 елді мекендердің жерлері, оның ішінде ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлер 265 260 гектар. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және ауылшаруашылығынан басқа мақсаттағы 35 947 гектар жерді 35 жер пайдаланушы пайдаланып отыр, оның ішінде ауылшаруашылығы алқаптары 28 057 гектар. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жер көлемі 145 045 гектар жер 1 жер пайдаланушыға бекітілген, оның ішіндегі ауылшаруашылық аймақтары 139 331 гектар. Орман қорының жерлері 58912 гектар 1 жер пайдаланушыға бекітілген, оның ішінде ауылшаруашылығы алқаптары 39 800 гектар. Босалқы жерлер қоры 6 460 829 гектар, оның ішінде ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлер 6 288 808 гектар.

Ұлытау ауданы әкімінің 20.04.2016 жылғы №25ө өкімімен «Ұлытау ауданының аумағында жерді рұқсатсыз өз бетінше пайдаланушыларға қарсы іс-әрекет ету жөніндегі жұмысшы тобы», 06.05.2016 жылғы № 30ө өкімімен «Ұлытау ауданының аумағында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді игермей және жер заңнамасын бұзып пайдаланып отырған жер телімдерін пайдаланушыларды анықтау жөніндегі жұмысшы тобы», 06.05.2016 жылғы №31ө өкімімен «Жеке меншік тұрғын үй құрылысы мен коммерциялық нысандарға берілген жер телімдерін түгендеу жүргізу жөніндегі жұмысшы тобы» құрылып, комиссия құрамына селолық, кенттік округ әкімдері, мекеме басшылары, кәсіпкерлік палата, кәсіпкерлер ассоциациясы өкілдері ұсынылған.

Жұмысшы топ отырыстарының барысында 226 жер пайдаланушының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді игермей және жер заңнамасын бұзып пайдаланып отырған жер телімдерін пайдаланушыларды анықтау жүргізілген, осы мақсатта жергілікті жерлерде құрылған комиссиялардың жасаған актілері, фотосуреттері, мал басы туралы ұсынған ақпараттары және ұсыныс-пікірлері басшылыққа алынған. Жергілікті атқарушы органдармен жүргізілген жұмыстар барысында 226 жер пайдаланушының 147 жер пайдаланушысы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді игермей және жер заңнамасын бұзып пайдаланып отырғаны анықталған.

2014 және 2016 жылдың өткен мерзімі ішінде «Ұлытау ауданы жер қатынастары бөлімі» ММ-мен барлығы 20 мақсатсыз пайдалудағы жерлер туралы құжаттарды шара қолдану және жерді мемлекетке қайтару үшін сотқа ұсыну үшін Қарағанды облысының жер пайдалану мен қорғалуын бақылау басқармасына жіберілген. Олардың 11-і 2015 жылы, 9-ы 2016 жылдың өткен мерзімі ішінде. Сонымен қатар, 2015 жылы Ұлытау ауданы бойынша жергілікті атқарушы органдар 6 жер тозуға ұшыраған деген шешімге келіп,

2015 жылы Елбасымыздың ұсынған үздік отыздыққа апаратын «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының индустрияландыру және экономикалық өсім бойынша 35 және 36-шы қадамында ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдалану мақсатымен оларды нарықтық айналымға енгізу және ауылшаруашылық жерлерін пайдалануға тұрақты түрде мониторинг жүргізу. Барлық пайдаланылмай жатқан жерді алдағы уақытта жекешелендіру үшін мемлекеттік қорға беру сұрақтары қарастырылған. Сондықтан, Елбасының елімізді дамыған елдердің қатарына қосу үшін ұсынып отырған жоспарларын іске асыру мақсатында аудандық прокуратурамен Ұлытау ауданы көлемінде иесіз және пайдаланылмай жатқан жерлер бойынша жергілікті атқарушы органдардың жұмыстары тексеріліп, талдау жасалды.

БЕРІЛГЕН ЖЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНАЙЫҚ



есепке алынған. Алайда осы күнге дейін аталған жерлер мемлекеттік жер фондына қайтарылмаған. Жоғарыдағы жасалған жұмыстар Ұлытау ауданы бойынша жергілікті атқарушы органдардың 2014 жыл мен 2016 жылдың өткен мерзімі ішінде, яғни, 3 жыл бойғы жұмысымен аудандағы мақсатты игерілмей жатқан жерлерге толық мониторинг жасай алмағанын көрсетеді. Себебі, 2014, 2015 және 2016 жылдардың өткен мерзімі ішінде бірде-бір мақсатсыз пайдаланылмай жатқан жерлер арнайы жер фондына қайтарып алу үшін тиісті құзіретті органдармен сотқа материалдар жолданбаған.

Жер қатынастары бөлімінің қызметкерлері мен кент және селолық округтері әкімдері осы күнге дейін мақсатсыз пайдаланылмай жатқан жерлерді толық анықтауға және оларды қайтаруға бағытталған шараларды қолдана алмай отыр. Бұл дегеніңіз Ұлытау ауданының жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N442 санды Жер кодексінің (әрі қарай-Кодекс деп көрсетіледі) 4 және 5 баптарында қарастырылған жерді қорғау және ұтымды пайдалану, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жерді нысаналы пайдалану, жердің жәй-күйі және оған қолжетімділік туралы ақпаратпен қамтамасыз ету, жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі іс-шараларды мемлекеттік қолдау, жерге залал келуін болдырмау немесе оның зардаптарын жою, жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды, топырақ құнарлылығын ұдайы қалпына келтіріп отыруды, табиғи ортаны сақтау мен жақсартуды қамтамасыз ету мақсатында жер қатынастарын реттеу туралы принциптері мен міндеттерін қамтамасыз ете алмағанын көрсетеді.

Кодекстің 14-бабының талаптарына сәйкес жергілікті атқарушы органдар, яғни, Ұлытау ауданының жер қатынастары бөлімі мен жергілікті кент және

селолық округтердің әкімдері өз құзіреті шегінде «100 нақты қадам» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасында 35-36 қадамдарында қарастырылған Ұлт жоспарының орындалысын, яғни, ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдалану мақсатымен оларды нарықтық айналымға енгізу және ауылшаруашылық жерлерін пайдалануға тұрақты түрде мониторинг жүргізу жұмыстарын толық жүргізе алмай, Ұлт жоспарының нақты орындалуына кері әсерін тигізіп отыр. Оған дәлел келесідей деректер бола алады:

2016 жылдың өткен мерзімі ішінде Ұлытау ауданы бойынша жүргізілген жұмыстар нәтижесінде жоғарыдағы көрсетілген 147 мақсатсыз пайдаланылып келе жатқан жер иелерімен жұмыстар толық жүргізілмей, бар-жоғы 9 материал 17.05.2016ж. (жер иелері: Ж.Алжаппаров-Егінді с/о, С.Конуров- Шеңбер с/о, К.Шайкибеков- Ұлытау с/о, Ж.Кожамсейтов, К.Нашкенов, Е.Абдрахманов, С.Тобабабулов -Терісаққан-Егінді с/о, Е.Сыздықовқа, К.Жармухамбетов -Аманкелді с/о,) «Қарағанды облысының жерді пайдалануы мен қорғалуын бақылау басқармасы» ММ-не жолданған.

«Қарағанды облысының жерді пайдалануы мен қорғалуын бақылау басқармасы» ММ-і аталған тұлғалардың 5-не, яғни, А.Мағзұмов, Т.Бураханов, Т.Макашев, Н.Итемгенов, К.Нашкеновтер ҚР ӨҚБТК-нің 338-бабының 1 бөлігімен (Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымсыз пайдалану немесе пайдаланбағаны үшін) әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулы шығарған. Ал жергілікті Ұлытау ауданының кент және селолық округтарының әкімдері 2012-2015 жылдарда және 2016 жылдың өткен мерзімі ішінде өздерінің басқарып отырған елді мекендерінің жерлерін толық мониторинг жасап, мақсатсыз пайдаланылмай жатқан жерлерін арнайы фондқа қайтаруға нақты

жұмыстар жасамаған.

Кодекстің 19-бабының талаптарына сәйкес аудандық маңызы бар қалалар, кент, ауыл, ауылдық округтер әкімдерінің қаланың, кенттің, ауылдық елді мекеннің шекарасы (шегі) шебінде жер қатынастарын реттеу саласындағы құзыреті бойынша жер учаскелерін алып қою сұрақтары бойынша мәселелері жөнінде аудандық әкімдікке ұсыныстар енгізу құзіреті бар. Алайда өткен 3 жыл ішінде Ұлытау ауданының әкімдігіне мақсатты пайдаланылмай отырған және пайдаланылмай жатқан жерлердің тозуы бойынша жергілікті кент және селолық округтер әкімдері бірде-бір ұсыныстар түсірмеген. Осы күнге дейін кент және село әкімдері келесідей жерлер туралы иелерімен жұмыс жасап «Ұлытау ауданының жер қатынастары бөліміне» толық мәліметтер бермеген. Егінді селолық округінде 17 жер пайдаланушы, Қарсақбай кенттік округінде 37 жер пайдаланушы, Терісаққан селолық округінде 10 жер пайдаланушы, Ұлытау селолық округінде 15 жер пайдаланушы, Аманкелді селолық округінде 11 жер пайдаланушы, Қаракенгір селолық округінде 17 жер пайдаланушы, Алғабас селолық округінде 3 жер пайдаланушы, Жанкелді селолық округінде 11 жер пайдаланушы, Борсеңгір селолық округінде 10 жер пайдаланушы, Шеңбер селолық округінде 4 жер пайдаланушы, Мибұлақ селолық округінде 5 жер пайдаланушы, Қоскөл селолық округінде 2 жер пайдаланушы, Сарысу селолық округінде 5 жер пайдаланушы. Сонымен қатар, Ұлытау ауданының Әділет басқармасының 02.06.2016ж. мәліметтеріне сай Ұлытау ауданы бойынша 102 жер иеленуші өз жерлерін Әділет басқармасына заңды тіркеуден өткізбегендігі анықталды.

Жоғарыдағы анықталған кемшіліктер мен заң бұзушылықтарды жойып, заңсыздықтарға жол берген аудандық

жер қатынастары бөлімі мен кент және селолық округтердің әкімдерін тәртіптік жауапкершілікке тарту үшін 15.06.2016ж. Ұлытау ауданы прокуратурасы Ұлытау ауданының әкіміне прокурорлық акті енгізді.

Прокурорлық актіні қарау нәтижесінде Ұлытау ауданының әкімінің өкімдері негізінде 11 селолық және кент әкімдері және 1 жер қатынастары бөлімінің қызметкері тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Сонымен қатар, Ұлытау ауданы бойынша жерлерді өз мақсатында пайдаланбай, жерлерді тоздыруға жол берген 109 жер иелеріне байланысты материалдар «Қарағанды облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын басқылау басқармасы» мемлекеттік мекемесіне әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін жолданды. Сондықтан, Ұлытау ауданы бойынша жерлерін өз мақсатында пайдаланбай отырған жер иелеріне Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 92-бабының 4 тармағына сәйкес «Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген жер учаскесінің мақсаты бойынша пайдаланбау жағдайларына:

1) Егістікте-жер учаскесін ауыл шаруашылығы дақылдарын егу үшін өңдеу жөніндегі жұмыстардың жүргізілмеуі;

2) Шабындықтарды-екі жылдан астам жер учаскесінде шөп шабудың жүргізілмеуі, оны арамшөптердің, бұталардың, шіліктердің басып кетуі және шөп бітіктігі жұтандануының өзге де белгілерінің болуы;

3) Жайылымдарда-жаю үшін ауыл шаруашылығы малының болмауы не оның агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган белгілеген, жайылымның жалпы алаңы жүктемесінің шекті рұқсат етілетін нормасының жиырмадан аз пайызын құрайтын мөлшерде болуы және (немесе) жемшөп дайындау мақсатында шөп шабудың болмауы;

4) Көпжылдық екпелерде-егісті күтіп өсіру, жинау жұмыстарының жүргізілмеуі және есептен шығарылған көпжылдық екпелердің тамырларының алынбауы жататыны — **ескертөміз.**

Аталған Заң талаптарын орындамау Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 338-бабының талаптарына сәйкес ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымсыз пайдалану немесе пайдаланбау — ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға — он, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға — қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне — жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Сондықтан Ұлытау ауданы бойынша жерлерін мемлекеттік тіркеуден өткізбеген жеке тұлғалар мен шаруа қожалықтарының иелеріне, жерге байланысты құжаттарын Әділет басқармасына тіркеу қажеттігін еске саламыз. Сонымен қатар, пайдаланбай отырған жерлерді жер иелері Ұлытау ауданының жер қатынастары бөліміне хабарласа отырып, мемлекеттік жер фондына қайтаруға мүмкіншілігі бар екенін хабарлаймыз.

Жер мәселесі бойынша туындаған сұрақтар бойынша Ұлытау ауданы прокуратурасына 2-13-65 телефонына хабарласып, түсініктер алуға болады.

Қ. МАНАПОВ,
Ұлытау ауданының
прокуроры, әділет кеңесшісі.

Қоғам. Адам. Заң



Елімізде өткен судьялар съездерінің қосқан үлесі де зор. Оның ауқымын сезіну үшін аздап өткенге көз жүгіртейік.

1996 жылдың 19 желтоқсанында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен судьялардың I съезі Алматы қаласында өтіп, Республикада Судьялар одағының іргетасы қаланған болатын және сот реформасын жүргізу, яғни сот

бликасының құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша шаралар туралы» Жарлығында белгіленген міндеттердің бірі – қылмыстық сот ісін жүргізуде бітімгерлік рәсімдерін кеңейту, оның ішінде медиация институтын

ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету сияқты маңызды тапсырмалар берді. Сонымен қатар, Елбасы өзінің Жолдауында сот жүйесі іс жүзінде ашық және қолжетімді, қарапайым және барлық дауды тез шеше алатындай болуы

СОТ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУГЕ СЕРПІН БЕРМЕК

процесінің жарыспалылығы, тараптардың теңдік қағидаларын толық дәрежеде жүзеге асыру, апелляциялық институтты енгізу, сот приставтары институтын құру және өзге де мәселелер кеңінен көтерілген еді. Иә, сол кезден бастап жиырма бес жылға жуық уақыт өтті, содан бері Қазақстан судьяларының съезі алты рет өткізілді. Араға үш жыл салып Қазақстан судьяларының II съезі өтті. Бұл съезде 1997 жылғы Орталық Азия елдерінің судьяларының халықаралық қауымдастығын құру туралы декларациясына кіру туралы шешім қабылданып, сот-құқықтық реформасының екінші кезеңінің бағытын айқындап, Жоғарғы Сотқа заң шығарушылық бастамасы және заңдарға тәуелді актілерді түсіндіру құқығын қайтару, судьяларды белгілі бір мерзімге тағайындау мәселелері көтерілді.

2001 жылғы судьялардың III съезінде талқыландыған мәселелер Қазақстан Президентінің 2002-2009 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында көрініс тапты.

Астана қаласында 2005 жылы өткен IV съезде Елбасы сот жүйесінің қол жеткізген жетістіктеріне оң баға беріп, соттарға нақты тапсырмалар берді. Съезде судьялыққа кандидаттарды тек конкурс арқылы іріктеу, оларды тағылымдамдан өткізу қажеттігі туралы айтылды.

2009 жылы 19 қарашада өткен Қазақстан судьяларының V съезінде делегаттар сот дауларын шешудің баламалы тәсілдерін енгізу туралы мәселе көтеріп, Медиация туралы заңнаманы қолданысқа енгізу күн тәртібіне қойылды.

Съездердің алдына қойған мақсаттары іске асырылып отыр. Оған сот жүйесінде өз жемісін берген реформалар дәлел. Атап айтсақ, Мемлекет басшысының 2010 жылғы 17 тамыздағы «Қазақстан Респу-

бубликасының құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша шаралар туралы» Жарлығында белгіленген міндеттердің бірі – қылмыстық сот ісін жүргізуде бітімгерлік рәсімдерін кеңейту, оның ішінде медиация институтын

дамыту болатын. Соған сәйкес елімізде «Медиация туралы» Заң дүниеге келіп, шиеленіскен дауларды бейбіт жолмен шешу жанданып, тұғыры нығая түсті. Маңызды құжат болып саналып, еліміздің құқықтық дамуы жөніндегі реформа болып есептелетін 2009 жылғы 29 тамызындағы Мемлекет басшысының Жарлығымен қабылданған «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы» өмірде өте жақсы көрініс тапты. Соның нәтижесінде бүгінгі тәуелсіз сот билігі біршама қалыптасты деп айтуға толық негіз бар. Осы тұжырымдамада сот билігінің қызметін толық, объективті және бейтарап жария етілуі бағдарланған еді. Осыған орай, сот қызметі туралы ақпаратқа халықтың қол жеткізуін ұсыну арқылы сот жүйесінің ашықтығы арттырылды. Сот төрелігін іске асыру процесінде жедел ақпараттық-құқықтық қамтамасыз ету, істерді қарау мерзімдерін қысқарту мәселелері орындалды. Сонымен қатар, «Алқабилер соты туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар қолданысқа енді. Барлық өңірлерде көмекке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар құрылды. Осы съезде Судьялар әдебінің кодексі қабылданды, Құжат судьялардың адамгершілік және моральдық-әдептік бейнесіне жоғары талаптар қойды.

2013 жылы өткен судьялардың VI съезінде Қазақстан Республикасының Президенті сот ісін жүргізуді және сот құрылысын одан әрі жетілдіру мен даулар мен жанжалдарды шешуде баламалы тәсілдерді енгізу, сот

тиіс екенін атап өтті.

Елбасының былтыр жарияланған «Бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадамы» Ұлт жоспары сот жүйесінің алдына заң үстемдігін қамтамасыз ету бойынша нақты міндеттер қойғаны белгілі, бұл 100 қадамның 11 қадамы сот жүйесіне тікелей қатысты еді. Бүгінгі таңда сот жүйесінің алдына қойылған бұл міндеттер заңнамалық тұрғыда толығымен орындалып, іс жүзіне асырылып жатқанын осы жылғы 21 қыркүйекте Президент қабылдауында болған Жоғарғы Сот төрағасы Қ.А.Мамин хабарлады.

Биыл Қазақстан судьяларының кезектен тыс VII съезі өтпекші. Съезде қозғалатын мәселелердің бірі – Судьялардың жаңа Әдеп кодексінің бекіту. Судьяларға қойылатын талаптар мен жауапкершіліктер жылдан-жылға артуда, яғни сот реформасының аясында болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтар ескеріліп, Кодекс жаңартуды талап етеді. Өткізгелі отырған съезде судьялардың көкейінде жүрген мәселелердің бірі - судьялардың жалақы мөлшерін көбейтіп, әлеуметтік жағдайын жақсарту. Съезде осы мәселе Елбасының қолдауымен оң шешімін табады деген үміттеміз.

Қазақстан Республикасының бұл съезі де өзіне дейінгі болған съездердің заңды жалғасы десек, еш қателеспейміз. Себебі, олардың қай-қайсысында да еліміздегі тәуелсіз сот жүйесінің одан әрі дамып, алдағы уақытта оны реформалауда оң табыстарға қол жеткізудің бірден-бір жолдары көрсетілетіні анық. Олай болса, съезге қатысушыларға осынау келелі де көшелі бас қосудың жемісті де табысты болуын тілейміз.

Е.БЕЙСЕМБАЕВ,
Ұлытау аудандық сотының судьясы.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС — БАРШАНЫҢ МІНДЕТІ



Сыбайлас жемқорлық өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі. Ол экономикалық заңдардың еркін әрекетін біршама деңгейде шектейді және еліміздің әлемдік қоғамдастық алдындағы беделін төмендетеді, еліміз үшін пайдалы шетелдік инвестициялардың жолындағы басты кедергілердің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы ең пәрменді заңдардың бірі. Бұл заң бірнеше жыл ішінде жоғары маңызға ие болып, мемлекеттік қызметшінің күнделікті пайдаланатын оқу құралына айналып отыр.

Заңның ең басты құндылығы, ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіптен сақтауға, сондай-ақ жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, тыю және ашу жолында мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз етуге бағытталған. Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті

ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясаты басымдықтарының бірі осы жемқорлықпен күресу.

Өткенімізге көз салсақ, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар мен іс-шаралар қабылданып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әртүрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол — Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы. Сондықтан, сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

«ҚР АШМ ВБҚК Ұлытау аудандық аумақтық инспекциясы» ММ-сі.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күні күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымызда деп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС — ОРТАҚ ПАРЫЗЫМЫЗ

Ел болып еңсемізді көтергенімізге, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылғанымызға жиырма жылдай уақыт өтті. Өткенімізге көз салсақ, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар мен іс-шаралар қабылданып, елдің әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнын айқындайды. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әртүрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол — Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

А.БОЛАТОВ,
Ұлытау аудандық сотының бас маманы.

«МҮГЕДЕК БАЛАЛАРДЫ ҮЙДЕ ОҚЫТУҒА ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ» МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ РЕГЛАМЕНТІ

1. Жалпы ережелер

1. «Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

Мемлекеттік қызметті аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 «Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11342 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген «Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижелерін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – МК); 2) көрсетілетін қызметті беруші; 3) мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеуді тағайындау, сондай-ақ мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеуді тағайындау туралы ақпарат алу кезінде www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: жәрдемақы тағайындау туралы хабарлама (бұдан әрі-хабарлама).

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін негіздеме Стандарттың 9-тармағында көрсетілген сәйкес нысан бойынша өтініш немесе көрсетілетін қызметті алушының электронды сұранысы болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын (бұдан әрі-құжаттар) тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарау үшін жолдайды – 30 (отыз) минут.

Нәтижесі – тіркеу журналына жазу; 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттар топтамасымен танысады және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтайды – 1 (бір) жұмыс күн. Нәтижесі – құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына жолдайды; 3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы келіп түскен құжаттарды қарайды, хабарламаны дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қою үшін жолдайды – 8 (сегіз) жұмыс күн. Нәтижесі – хабарламаны дайындау; 4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы хабарламаға қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жолдайды – 1 (бір) жұмыс күн. Нәтижесі – хабарламаға қол қою; 5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері хабарламаны тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға береді - 15 (он бес) минут. Нәтижесі – хабарламаны көрсетілетін қызметті алушыға береді.

3. **Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау**

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі: 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері; 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы; 3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттауы: 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын (бұдан әрі-құжаттар) тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарау үшін жолдайды – 30 (отыз) минут; 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттар топтамасымен танысады және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтайды – 1 (бір) жұмыс күн; 3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы келіп түскен құжаттарды қарайды, хабарламаны дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қою үшін жолдайды – 8 (сегіз) жұмыс күн; 4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы



хабарламаға қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жолдайды - 1 (бір) жұмыс күн; 5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері хабарламаны тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға береді - 15 (он бес) минут.

4. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

8. МК-на жүгіну тәртібін сипаттамасы, көрсетілетін қызметті алушының сұранысын өңдеу ұзақтығы: 1) көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттарды және өтінішті МК қызметкеріне береді, ол «электрондық кезек» арқылы операциялық залда жүзеге асырылады; 2) 1-процесс – мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін МК-ның қызметкері МК ықпалдастырылған ақпараттық жүйесінің автоматтандырылған жұмыс орнына (бұдан әрі – МК ыАЖ АЖО) логинді және парольді (авторландыру процесі) енгізуі; 3) 2-процесс – МК-ның қызметкерінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті таңдауы, экранға мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұраныс нысанын шығару және МК қызметкерінің көрсетілетін қызметті алушының немесе сенімхат бойынша көрсетілетін қызметті алушы өкілінің (нотариалды куәландырылған сенімхаттың болуы қажет, басқалай куәландырылған сенімхаттың мәліметтері толықтырылмайды) мәліметтерін енгізуі; 4) 3-процесс – электрондық үкімет шлюзі (бұдан әрі–ЭҮШ) арқылы жеке тұлғалардың мемлекеттік деректер қорына (бұдан әрі – ЖТ МДК) көрсетілетін қызметті алушының мәліметтері туралы, сондай-ақ Бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – БНАЖ)–көрсетілетін қызметті алушы өкілінің сенімхат мәліметтері туралы сұрау жолдауы; 5) 1 шарт - ЖТ МДК-нда көрсетілетін қызметті алушы мәліметтерінің және БНАЖ-де сенімхат мәліметтерінің бар болуын тексеруі; 6) 4-процесс– ЖТ МДК-нда көрсетілетін қызметті алушы мәліметтерінің

немесе БНАЖ-де сенімхат мәліметтерінің болмауына байланысты мәліметтерді алуға мүмкіндіктің жоқтығы туралы хабарламаны қалыптастыруы; 7) 5-процесс – электрондық үкіметтің аймақтық шлюзінің автоматтандырылған жұмыс орнына (бұдан әрі – ЭҮАШ АЖО) ЭҮШ арқылы МК қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған (қол қойылған) электрондық құжаттарды (көрсетілетін қызметті алушының сұранысын) жолдауы; 8) 6-процесс – электрондық құжаттарын ЭҮАШ АЖО-да тіркеуі; 9) 2 шарт – көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарының сәйкестігін тексеруі (өңдеуі); 10) 7-процесс – көрсетілетін қызметті алушы МК қызметкері арқылы ЭҮАШ АЖО-нда қалыптастырылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алуы.

МК арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде іске қосылатын ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимылдары диаграммасы осы регламенттің 1-қосымшасында берілген.

9. Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде жүгіну тәртібін және көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының рәсімдерінің (іс-қимылдарының) реттілігін сипаттау: 1) көрсетілетін қызметті алушы жеке сәйкестендіру нөмірінің (бұдан әрі - ЖСН) және сондай-ақ парольдің (порталда тіркелмеген көрсетілетін қызметті алушылар үшін іске асырылады) көмегімен порталға тіркеледі; 2) 1-процесс – көрсетілетін қызметті алу үшін порталда көрсетілетін қызметті алушының ЖСН және парольін (авторландыру процесі) енгізуі; 3) 1-шарт – порталда ЖСН және пароль арқылы тіркелген көрсетілетін қызметті алушы мәліметтерінің дұрыстығын тексеру; 4) 2-процесс - көрсетілетін қызметті алушының мәліметтерінде кемшіліктердің болуына байланысты порталда авторизациялаудан бас тарту туралы дәлелді жауабы жөніндегі хабарламаның қалыптасуы; 5) 3-процесс – көрсетілетін қызметті алушы осы Регламентте көрсетілген мемлекеттік

көрсетілетін қызметті таңдау, қызметті көрсету үшін экранға сұраныстың нысанын шығару нысанды (мәліметтерді енгізу) және үлгі талаптары мен оның құрылымын ескере отырып, көрсетілетін қызметті алушының нысанды (мәліметтерді енгізу) толтыру, қажетті құжаттардың көшірмелерін электрондық түрде сұраныс нысанына жалғау, сондай-ақ сұранысты куәландыру (қол қою) үшін көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдау; 6) 2-шарт – порталда ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімін және қайтарып алынған (күші жойылған) тіркеу куәліктерінің тізімінде жоқтығын, сондай-ақ бірдейлендіру мәліметтерінің (сұраныста көрсетілген ЖСН және ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН арасындағы) сәйкестігін тексеру; 7) 4-процесс – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұратылып отырған мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тарту туралы дәлелді жауабы жөнінде хабарлама қалыптастыру; 8) 5-процесс – көрсетілетін қызметті беруші сұранысты өңдеу үшін ЭҮШ арқылы көрсетілетін қызметті алушымен ЭЦҚ куәландырылған (қол қойылған) электрондық құжаттарын (көрсетілетін қызметті алушының сұранысы) ЭҮАШ АЖО-ға жолдауы; 9) 3-шарт–көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарының топтамасының сәйкестігін тексеруі; 10) 6-процесс–көрсетілетін қызметті алушы порталда қалыптастырылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін (электрондық құжат түріндегі хабарлама) алу. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған (электрондық құжат нысанында жолданады).

Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимылдарының диаграммасы осы регламенттің 2-қосымшасында көрсетілген.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) ретін, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) және (немесе) рәсімдерінің (іс-қимылдарының) кезекшілігінің толық сипаттамасы, сонымен қатар өзге көрсетілген қызмет берушілермен МК өзара іс-қимыл тәртібінің және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің нақты сипаттамасы осы регламенттің 3-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТАРИХЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРДЫ БЕЙНЕЛЕГЕН ЗАМАНАУИ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ ТУЫНДЫЛАРДЫҢ ЭСКИЗДЕРІН ЖАСАУҒА БАЙҚАУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі (бұдан әрі - Музей) Қазақстан халқы тарихындағы маңызды оқиғаларды бейнелеген кескіндемелік және графикалық сурет, мүсін (білдікті, монументалды-сәндік), инсталляция сынды заманауи бейнелеу өнері туындыларының эскиздерін жасауға байқау жариялайды.

Байқаудың мақсаты және міндеттері:

- Ұлы Дала еліндегі маңызды тарихи оқиғалар және көрнекті тарихи тұлғалардың көркем бейнесін нақты көрсету арқылы жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу және қазақстандықтардың тарихи дүниеге көзқарастарын қалыптастыру.

- Тарихи жанрды (тарихи-тұрмыстық жанр, тарихи-этнографиялық жанр, кескінді тарихи композиция, тарихи пейзаж, соғыс тақырыбындағы сюжетті жанр) дәріптеу.

- Суретшілердің шығармашылық мүмкіндігін жандандыру және олардың кәсіби деңгейін көтеру

- Басты шығармашылық жетістіктерді анықтау отандық заманауи бейнелеу өнеріндегі жаңа үрдістерге жұртшылықтың назарын кеңінен аудару.

Байқау бір кезеңнен тұрады. Байқаудың өтуіне мерзімі: осы жылғы 15 қыркүйек–15 желтоқсан аралығы.

I. Эскиздерге қойылатын талаптар: 1.1. Эскиздердің өлшемі (пішімі) А4-тен А1-ге дейін; 1.2. Эскиз саны суретшінің қалауына қарай (кейбір көріністерді жан-жақты орындауға болады); 1.3. Эскизге туындының тұжырымдамасы қоса беріледі (1-2 парақ); 1.4. Эскиз графикалық туынды ретінде экспозициялау үшін дайын болуы тиіс (жақтау, паспарту, ілмек).

II. Байқау шарттары:

2.1. Байқауға қатысуға арнайы орта білімді және жоғары білімді суретшілер шақырылады; 2.2. Эскиздерде ұсынылған тақырыптар бейнеленуі тиіс (қосымша №2); 2.3. Эскиз 2016 жылы жасалған және бұрын еш жерде жарияланбаған болуы керек; 2.4. Суретшінің немесе суретшілер тобының бір не одан да көп эскиз ұсынуына болады; 2.5. Байқауда сыйлықақы алған эскиздер музей қорына өтеді, ав-

торға қайтарылмайды; 2.6. Эскиздер музей поштасына жіберіледі немесе автордың өзі музейге жеткізеді; 2.7. Сауалнама, тұжырымдама музейдің электронды адресіне жіберіледі. E-mail: Ulttyk_muzei@mail.ru; 2.8. Байқады өткізу және қатысу шарттары музейдің www.nationalmuseum.kz сайтына жарияланады; 2.9. Байқау іріктеуінен өткен суретшілердің тізімі музейдің www.nationalmuseum.kz сайтына жарияланады.

Аталымдар байқау жұмыстарының болжамды орындалу техникасы бойынша белгіленеді. Әрбір аталым бойынша лауреаттар анықталады (1,2,3 жүлделі орындар).

Кескіндеме – аталымы, графика – аталымы, мүсін – аталымы, инсталляция – аталымы.

Эскиздердің көрмесі ұйымдастырылады. Аталымдар бойынша 1,2,3 орын алған жеңімпаздарға сыйлықақы беріледі. Байқау іріктеуінен өткен барлық байқауға қатысушылар байқау дипломаттары атанады және оны растайтын байқауға қатысушы дипломы беріледі.

III. Байқау бюджеті:

3.1. Бюджет музейдің өз қаржысынан және демеушілік қаржы көздерінен құралады. 3.2. Бюджет байқау көрмесін ұйымдастыруға және өткізуге жұмсалады: баспа өнімдерін шығаруға (афиша, шақыру қағаздары), эскиздердің көрмесін ұйымдастыру үшін жұмсалатын және экспозициялық материалдар алуға; 3.3. А т а л ы м д а р бойынша байқау жеңімпаздарына берілетін сыйлықақыға. Сыйлықақының жалпы қоры - 1 000000 (бір миллион теңге).

IV. Байқаудың ұйымдастырушысы және ұйымдастыру комитеті:

4.1. Байқаудың ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі; 4.2. Байқаудың дайындық жұмыстарын іске асыру және оны өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады, ол байқаудың дайындығын және өткізілуін үйлестіреді, байқауға қазылар алқасының құрамын және жұмыс тәртібін бекітеді; 4.3. Ұ й ы м да с т ы р у к о м и т е т і байқауға қатысушылармен іскерлік қатынас

хаттарын жүргізеді, электронды нұсқадағы каталог дайындау үшін материалдарды мұрағаттауды ұйымдастырады; 4.4. Туындыларды іріктеуді мәдениет және өнер қайраткерлерінен, өнертанушы, ғалымдар, журналистер, меценаттар, коллекция жиюшылар және басқалардан тұратын конкурстық қазылар алқасы жүзеге асырады.

V. Қорытынды ереже:

5.1. Суретшілер байқауға қатысу арқылы ұсынған эскиздерін байқауды жарнамалауға және дәріптеу мақсатында жариялауға келіседі; 5.2. О с ы Ережеде аталмаған барлық басқа мәселелерді ұйымдастырушылар шешеді; 5.3. Байқауға қатысу үшін эскиздерін ұсынған автор осы Ереженің шарттарымен келісті деп есептеледі.

ҚОСЫМША:

Экспонат сауалнамасы

Қосымша 1/

ҚАТЫСУШЫ САУАЛНАМАСЫ

1. Аты-жөні _____

2. Туған жылы, күні, айы _____

3. Мекен жайы, телефоны, электронды пошта _____

4. Мамандық бойынша білімі _____

5. Шығармашылық одақтарға және бірлестіктерге мүшелігі _____

6. Көрмелерге қатысуы (өзіңіз үшін ең маңыздысы, бесеуден артық емес) _____

7. Атақтары, марапаттары (өзіңіз үшін ең маңыздысы, бесеуден артық емес) _____

8. Қатысуға ұсынылған жұмыстардың тізімі (туындының атауы, жасалған жылы, өлшемі (см. биіктігі × ені) _____

9. Автордың суреті _____

« _____ » « _____ » 2016ж.

(қолы) _____

Қатысушы сауалнамасын толтыруды және электронды поштаға жіберуді сұраймыз: e-mail: Ulttyk_muzei@mail.ru

Қосымша 1.1

№	Тақырыптар	Сипаты
1	Қазақстан Тәуелсіздігі туралы Декларацияның қабылдануы	
2	Астана - Қазақстан Тәуелсіздігінің символы	
3	Алматы - Қазақстан Тәуелсіздігінің бесігі	
4	Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің қабылдануы	
5	Тәуелсіз Қазақстан шекарасының шегенделуі	
6	Өлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі	
7	Қазақ ғарышкерлері	
8	«Астана Опера» опера және балет театры	Театр ғимаратының сәулеті
9	ҚР Ұлттық музейі	Музей құрылысы және ашылуы
10	Астананың жасыл белдеуі (жасыл алқаптар)	
11	Новый Шелковый путь, Нұрлы Жол: Транспортная инфраструктура Жаңа Жібек жолы, Нұрлы Жол: Көлік инфрақұрылымы	Новые железные дороги, новые автотрассы на территории Казахстана Қазақстан аумағындағы жаңа темір жолдар, жаңа автомобиль жолдары
12	Астана күнін мерекелеу	
13	Назарбаев Университетінің студенттері	
14	Бәйтерек туралы аңыз	
15	«Алтын адам» археологиялық олжасы	Бірегей археологиялық Есік қорғанындағы қазба жұмыстары
16	Ботай өркениеті: жылқыны қолға үйрету	
17	Отырар кітапханасы	Ортағасырлық кітапхана көрінісі, ұстаздар мен шәкірттердің кітапхана залдарындағы жұмыс көрінісі
18	Хан сайлау рәсімі	Хан көтеру салтанаты
19	Сақ-парсы соғысы. Тұмар патшайым	
20	Ғұндардың Еуропаға келуі. Атилла	
21	Күлтегін ескерткіші	
22	Ұлы даланың ежелгі қалалары: Тараз, Отырар және басқалар	
23	Түркі жазуы	
24	Ортағасырлық ұстаз Әл-Фараби	
25	Жауынгер қазақ қызының жинақталған бейнесі	
26	Атақты Қоянды жәрмеңкесі	
27	Арал теңізіндегі қазақ балықшылары	
28	Кен өндіру	
29	Мұнай өндіру	
30	XX ғасыр басындағы ұлт зиялылары	«Алаш» қозғалысының қайраткерлері
31	Бірінші Дүниежүзілік соғысқа қатысқан қазақтар	
32	Қазақстан астаналары: Орынбор, Қызылорда, Алматы, Астана	
33	Ұжымдастыру кезеңі: 1932-1933 жылдардағы ашаршылық	
34	Семей жеріндегі атом бомбасын сынау	Жойқын қарудың зардаптары және қатерлері
35	1986 жылғы желтоқсан оқиғасы	
36	Арал теңізі	
37	Қазақ палуаны Қажымұқан Мұңайтпасов	Париждегі күресі, қарсыласын жығып жатқан сәт
38	Қазақстанның Олимпиада чемпиондары	
39	Ұлы Отан соғысындағы қазақстандықтардың ерліктері	
40	Всемирный Курултай казахов	

ЕСКЕ АЛУ

Ұлытау селосының тұрғыны, адал жар, аяулы ана, қадірлі әже **Дәметкен САҒЫМБАЙҚЫЗЫНЫҢ** (руы **Жырық-Салықбай-Ерден тегі, Оразай-Дәуелі Нұрахмет келіні**) бақилық болғанына да жыл толды. Ағайын-туысқа сыйлы, жанұясына қамқор, ауыл-аймаққа абыройлы бола білген анамызды сағына еске аламыз. Оның нұрлы бейнесі жадымызда мәңгі сақталады!

Ортамыздан Сіз кеткелі жыл өтті, Ауыр қаза жанымызды жүдетті. Сізге деген сағыныш та ұлғайып, Көңілімізді күңгірентуді үдетті.

Кетті қайғы ет жүректі жаныштап, Шаңырақтан шаттық қалды алыстап. Жамиғатқа құдайы ас береміз, Рухыңызға дұға арнап, бағыштап! – деген жыр жолдарын арнай отырып, марқұмның жаны жәннатта, төні рахатта, жатқан жері жайлы болсын дейміз.

Еске алып, жылын берушілер: **жұбайы Рахым, балалары, немерелері, шөберелері.**

Дәметкен Сағымбайқызының қайтыс болғанына жыл толуына байланысты, 2016 жылдың 8 қазан күні сағат 13.00-де, Ұлытау селосындағы «Тассай» дәмханасында құдайы ас береміз. Марқұмның жылына туған-туыс, құда-жежжат, көрші-көлем, марқұмның көзі тірісінде онымен сыйлас, дәмдес болған барша жамиғатты шақырамыз.


ТЖ бөлімі ескертеді

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫ БАСТАЛМАЙ ТҰРЫП, ҮЙЛЕРІҢІЗДЕГІ БАРЛЫҚ ПЕШТЕРДІ ЖАҒАР АЛДЫНДА МҰҚИЯТ ТЕКСЕРІП АЛЫҢЫЗДАР!

От жағу кезеңі – өрттің жиі пайда болатын кезеңі: пештер, жылытатын электр приборлары, қолдан жасалған жылыту приборлары, төле-лерде және басқа да жерлерде пайда болатын алау от көздері өрттердің пайда болуына себеп болады. От жағу мезгілі жауапкершілікті талап ететін күрделі кезең, оған түбегейлі дайындалып алу қажет. Осы уақытқа дейін болған өрттердің талдауына жүгінетін болсақ барлық өрттер мен жану жағдайларының жартысынан көбі жылыту приборларын және от жағатын пештерді дұрыс қолданбаудың салдарынан болады.

Өрт – деген тілсіз жау, оның салдарынан адамдар баспанасынан, мүліктерінен айырылып қалулары мүмкін. Пештен шығатын өрттердің себебі пешті салу кезінде жіберілген өрт қауіпсіздік ережелерінің бұзушылықтары. Пештерді қолдану кезінде жиі кездесетін бұзушылықтардың бірі ол жанатын құрылымдардан белгілі арақашықтықты сақтамау, от жағатын пештердің алдына 50х70 см. қанылтыр беттерін қақпау, сондай-ақ пештің үстіндегі жарық, сынған плиталарды пайдалану, пештің үстіне ағаш немесе киімдер кептіру және т.б.

Егер тұрғындар қарапайым өрт қауіпсіздік ережелері қатаң түрде сақталып отыратын болса, қайғылы нәтижелерге әкеліп соғатын отты зілзалалардың алдын алуға болады. Ұлытау ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі барлық аудан тұрғындарына от жағатын кезең басталмай тұрып үйлеріңіздегі барлық пештерді мұқият тексеруді, саңылауларын сылауды, түтін шығаратын құдықтарын және түтін шығаратын құбырлардың дұрыс қалануы мен орнатылуын тексеруді, мұржаны әктеп қоюды естеріңізге



салады. От жағатын пештерді қолдану кезінде пештің қатты қызып кетуіне жол бермеу керек, себебі пеш қатты қызған кезде пештің қабырғалары жарылып кетеді, ал мұндай жағдай өрт көзі болуы мүмкін. Есіктері ашық немесе жартылай ашық жанып жатқан пештерді қараусыз қалдырмауды естеріңізге саламыз. От жағуды балаларға тапсырмаңыздар. Пештің үстіне ағаштарды, киімдерді және жанатын басқадай заттарды жинамаңыздар және кептірмеңіздер. Үйлеріңізді жылытуға қолдан жасалған приборларды қолданбаңыздар. Осы қарапайым ережелерді сақтамасаңыздар Сіздер өздеріңізге, балаларыңызға, жақындарыңызға және мүліктеріңізге қауіп-қатер төндіресіздер.

Құрметті азаматтар !!! Қарапайым өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау адамдарды мерт болудан және мүлкті жоюдан сақтап қалады.

Д.МҰХАНБЕТОВ,
Ұлытау ауданы ТЖБ
аға инженері, а/қ аға лейтенанты.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

«Ұлытау ауданының Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-сі аудан тұрғындарына, аталған бөлім қызметкерлері тарапынан ҚР Президентінің 2005 жылғы №1567 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі талаптарын орындамау, Сыбайлас-жемқорлыққа қарсы күрес туралы Заңының баптарын бұзу фактілері орын алған жағдайда **2-14-20 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.**

Спорт

«ЖАС БАРЫС - 2016» АУДАНДЫҚ ТУРНИРІ ӨТТІ

Жасұлан АЯШЕВ

Ел Президенті Н.Назарбаевтың жыл сайынғы Жолдауы жетістіктерімізді саралап, келешегімізді бағдарлауға, ең бастысы — баршамызға ортақ ұлы мақсатқа жетудің дұрыс жолын бірлесіп айқындауымызға бағыттала отыр.

Елбасымыз, сондай-ақ «Дені сау ұлт» үшін спортты дамытудың маңызы жоғары екенін және балалық шақтан бастап денешынықтыру мен спортқа аса ден қю керектігін атап айтқан болатын. Соның айқын дәлелі ретінде 2015 жылы аудан әкімі Хамит Омаровтың басшылығымен аудан орталығында спорт кешені өз құрылысын бастады. Балаларға арналған және басқа да спорт алаңдарын салумен қатар, барлық жастағы адамдардың спортпен шұғылданыуына, өздерінің бойларын сергек ұстауына, әрбір адам өз өмір жасын ұзартуына зор мүмкіндіктер жасалып отыр.

Жуырда аудандық Мәдениет үйінің спорт залында «Жас барыс - 2016» аудандық турнирінің II-кезеңі өтті. Жарыс басталмастан бұрын шаршы алаң төрінде турнирге қатысушы әр аймақтан келген балуандар ортаға шақырылды. Бұдан кейін Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұраны орындалды. Осы турнирде аудандық денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы М.Оразалин, аудандық балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің директоры М.Сәбденов, Жезді кентінің аға жаттықтырушысы Д.Әлібаев

ев жарысқа қатысушы спортшыларға сәттілік тіледі. Бұған дейін «Жас барыс» турнирінің бірінші кезеңі Жезді, Қарсақбай, Қаракеңгір, Сарысу елді мекендерінде өткен болатын. Осы

А.Қияқбай, Р.Сабыржан жеңімпаз атанды. 1997-1998 жылғы жастар арасында 74 пен 100 келіге дейінгі және одан да жоғары салмақ бойынша күш сынасқандардың арасынан



жарыста жеңімпаз атанған балуандар екінші кезеңге өтіп, аудан төрінде бозкілемде бақтарын сынады. Бұл жарысқа жалпы 100 ге жуық балуан қатысты. Олар жас ерекшеліктеріне байланысты іріктеліп, бозкілемде күш сынасты.

Жарыстың қорытындысында 2001-2002 жылғы кіші жасөспірімдер 38 бен 73 келіге дейінгі салмақта және одан жоғары салмақ дәрежесінде өнер көрсеткендердің арасынан Ә.Бейбіт, Б.Сәдір, Д.Бақыт, Е.Ізтілеуов, Н.Зайни, Ш.Назарбеков, А.Шәкімов, З.Сәдуақасов, С.Аманжол өз салмақтары бойынша жеңіске жетті. 1999-2000 жылғы жасөспірімдер арасында 46 мен 81 келіден жоғары салмақтар арасында Н.Беркін, А.Төлеген, Н.Мырзабеков, Ж.Аманбек, Н.Абдухан,

А.Рамазан, Е.Қазыбай, А.Айтмұхан, Е.Төлеш, М.Алпысбай, Ж.Құдайбергенов, Ж.Сәкенов, Т.Аманбек жеңіс тұғырынан көрінді. Жарыс нәтижесі бойынша әр салмақтан жеңімпаз атанған балуандар облыстық «Жас барыс» турнирінің III-кезеңіне жолдама алып, ауданымыздың намысын қорғайтын болады.

Жалпы айтқанда, белдесу кезінде Жезді, Сарысу, Ұлытаудың балуандары өздерін жақсы қырынан көрсетіп, тастүйіндей дайындықпен келгенін дәлелдеді. Жеңіске жеткен балуандарымыз қазан айында Теміртау қаласында өтетін облыстық «Жас барыс» турниріне қатысады. Алдағы жарысқа қатысатын жас балуандарымызға сәттілік тілейміз.



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Сабағазы ӨЗМАХАНҰЛЫ!

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Жезқазған аумақтық кәсіподақ ұйымы» қоғамдық бірлестігінің ұжымы Сізді 55 жасқа толған мерейтойыңызбен шынайы көңіл, ізгі пейілмен құттықтайды!

Сіз саналы ғұмырыңызды ұрпақ тәрбиелеу жолына, білім беру саласын дамытуға, оның алға ілгерілеп, абыройының асқақтауына барлық күш-жігеріңізбен алқалы елдің арыс азаматтарындай атсалысып, зор үлес қостыңыз. Ұлытау аудандық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрағасы ретінде білікті де тәжірибелі басшы екеніңізді көрсетіп, білім қызметкерлерінің мүдделерін қорғауда аянабай тер төгіп, абыройға кенеліп келесіз.

Сіздің деніңізге саулық, көңіліңізге шаттық, шалқар шабыт пен толағай табыс тілейміз. Ынтымағы жарасқан шаңырағыңыздың іші шуаққа толып, қызығына бөлене беріңіз.



Шынайы көңілмен:

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Жезқазған аумақтық кәсіподақ ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы **М.Қоңырбаев.**

Дәрігер кеңесі

СҮТ БЕЗДЕРІН ӨЗДІГІНЕН ТЕКСЕРУ КЕРЕК

Біздің республикамызда әйелдер арасында онкологиялық ауруларға шалдығушылық арасында сүт безінің қатерлі ісігі бірінші орын алады. Жыл сайын сүт безінің қатерлі ісігіне 3000-ға жуық адам шалдығады. Сүт безі қатерлі ісігіне шалдығушылық 35-50 жастағы әйелдер.

Қатерлі ісіктің өрте білінетін белгілері: сүт безіндегі ауырмайтын түйіннің болуы; түйін үстіндегі терінің тартылуы; сүт безі мөлшерінің едәуір ұлғаюы; емшек ұшының тартылуы немесе қозғалмауы; терінің нақты бір жерінің қызаруы; қолтықтағы бір немесе бірнеше байланған түйіндердің болуы; емшек ұшынан білінетін бөлінділер немесе патологиялық өзгерістер.

Бұл кеңестер Сізге денсаулығыңызды сақтауға көмек береді: міндетті түрде айына бір рет сүт бездеріңізді өзіңіз тексеруден өткізіңіз; артық дене салмағын болдырмаңыз, майды көп мөлшерде пайдаланбаңыз; бірінші жүктілікті міндетті түрде сақтаңыз және бір жасқа дейін балаға емшек емізіңіз; гинекологиялық ауруларды уақытымен емдеңіз; күн сайын көкөністер мен жемістерді пайдаланыңыз; тұрақты жыныстық қатынас болған дұрыс және жыныстық өмірдің гигиенасын сақтаңыз; темекі шегуден бас тарту қажет.

Мысалы: айнаның алдында тұрып әрбір емшегіңізді жекелеп қараңыз. Олардың көлеміне, формасына, түсіне, контурына, емшектердің және емшек ұшының бағыттарына назар аударыңыз. Сосын қолдарыңызды желкенізге қойып, жан-жағыңызға бөсең бұрылып тұрып емшектеріңізді қарап шығыңыз. Және де қолдарыңызды бөксеңізге қойып, иықтарыңызды алға шығарып тұрып әрбір сүт безін жекелеп қараңыз. Әрбір емшекті емшек ұшынан бастап бүкіл алаңыңызбен және саусақтарыңыздың ұшымен сағат тілі бағытымен айналдыра уқалап, қолтық астына қарай жылжытыңыз. Шалқалап жатып бір қолыңызды басыңыздың астына қойыңыз да алдыңғы әдіс бойынша сүт бездерін тексеріп шығыңыз.

Естеріңізде болсын: етеккір айналымның 5-6 күндерінде өзіңізді тұрақты тексеріп тұрыңыздар. Егер де Сіз сүт безі қатерлі ісігіне шалдықсаңыз, өмірден түңілудің қажеті жоқ. Қатерлі ісікті алғашқы сатысында да толығымен емдеуге болады. Сондықтан да дәрігерге уақытында және сеніммен қаралу – Сіздің айығыңыздың кепілі!

Ж.МҰҚАНОВА, акушер-медбибі.

Ұлытау аудандық «Ұлытау өңірі» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ГАЗЕТТІҢ ҚҰРЫЛАУШЫСЫ: «Ұлытау ауданының әкімсіз»

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген №2199-Г куәлігі берілген. Астана қаласы. 07.08.2001ж.

Хабарландыру мен құттықтаулардың мазмұнына редакция жауап бермейді. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет «Ұлытау өңірі» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Қарағанды Полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Ермеков көшесі, 33 үй.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
инд: 101500
Қарағанды облысы,
Ұлытау ауданы,
Бұлқышев көшесі, 11- үй.
Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта:
ulytau-oniri@mail.ru

Газет аптасына бір рет шығады, Таралымы - 1400 дана
Көлемі - 4 баспатабақ
Тапсырыс - 40



**Директор-
Бас редактор
Елтынды
ДҮЙСЕНБАЕВ**